



### АСТАНАНЫ АСҚАҚАТҚАН САММИТТЕР

4-БЕТ | АСТАНА - 25



### ХАЛЫҚПЕН АРАСЫ АЛШАҚ ПА?

6-БЕТ | ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН



### ТЕАТР ӘЛЕМІНІҢ ТІЛЕКТЕСІ

10-БЕТ | РУХАНИЯТ



№61 (4494)

Бейсенбі  
25 мамыр  
2023 жыл



# АСТАНА



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



## БІРІНШІ – ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ

2024 жылдан бастап заңды қазақ тілінде жазу міндеттеледі.

Премьер-министрдің орынбасары Алтай Көлгінов екі тілде жазылған нормативтік құжаттардың мағынасы бір-біріне сәйкестігі тексерілетінін айтты.

2024 жылдан бастап елімізде қабылданатын заңдарды бірінші қазақ тілінде жазу талабы енгізіледі. Содан кейін ғана орыс тіліне аударылады.

«Бұл ретте артық регламенттеуді болдырмау мәніне ревизия жүргізу көзделмеген НҚА (жекелеген заңдар мен заңға тәуелді актілер) олардың жобалары мемлекеттік органдардың норма шығару қызметі барысында лингвистикалық сараптамаға түскен кезде қаралады. Аталған шара мемлекеттік тілдегі НҚА мәтіндері мазмұнының сапасын арттыруға ықпал етеді» деді Үкімет басшысының орынбасары.



## ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІГЕ ТІРКЕМЕЙДІ

Елімізде 18 жасқа дейінгі балалар ата-анасының рұқсатынсыз әлеуметтік желілерге тіркеле алмайды. Бұл туралы құжат жобасы Ашық НҚА порталында жарияланды.

Құжатта Instagram, Facebook, WhatsApp, ВКонтакте платформаларында кәмелетке толмағандарды заңды өкілдердің рұқсатынсыз тіркеуді шектеу жөнінде шаралар қабылдау 2025 жылғы 1 тоқсанға жоспарланғаны жазылған. Бұл бастамаға Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі, Ақпарат және қоғамдық даму, Оқу-ағарту министрліктері жауапты болады.

Жоба балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, балалар арасындағы суицидтің алдын алу мақсатын көздейді.

Құжат жобасы 2023 жылғы 6 маусымға дейін жария талқылауда болады.



«АСТАНА АҚШАМУ»  
ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ  
ЖҮРІП ЖАТЫР

# ЖАСТАРДЫ ҚОЛДАУ ЖАЛҒАСА БЕРЕДІ

Астана жастары кәсіпкерлікті дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы аясында жеңілдетілген несиелену ала алады. Бүгінгі таңда елордада жылдық 2,5 пайызбен шағын несиелену жүйесі арқылы жас кәсіпкерлерге стартап ашу мүмкіндігі қолжетімді болып отыр. Сонымен қатар жастарды жұмыспен қамту бойынша бірқатар бағдарламалар іске қосылған.

## КАНИКУЛДА – ТЕҢГЕ ТАП!

Астана қаласының 200 мыңға жуық мектеп оқушысы жазғы сауықтыру демалысымен және мезгілдік жұмыспен қамтылады.

Астана қаласы білім басқармасының мәліметі бойынша, елордадағы 85 мектепте бастауыш сынып балаларына арналған мектеп жанындағы лагерлер ұйымдастырылады. «Арман» және «Боровичок» спорттық-сауықтыру лагерінде 2800 бала

демалады, оның ішінде 2050 жетім және көпбалалы, аз қамтылған отбасылардан шыққан балалар болады. Сонымен қатар мектеп жанындағы «Жасыл мектеп» жобасы аясында жүздеген оқушыларға мезгілдік ақылы жұмыстар ұйымдастырылады.



## СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ – 1 МАУСЫМДА

Биыл Астана қаласында 9-сыныпты 18 443 оқушы, 11-сыныпты 9 539 түлек бітіреді.

Астана қаласының Білім басқармасы биылғы оқу жылы 31 мамырда аяқталатынын, бұл күні жалпы білім беретін мектептер бекітілген кесте бойынша сабақтар өткізетінін және сынып сағаттары өтетінін мәлім етті.

Ал 1 маусымда 4, 9 және 11-сыныптар оқушыларына арналған

соңғы қоңырау салтанатты іс-шарасы өтеді.

Маусым айының алғашқы онкүндігінде 9-сынып түлектері қорытынды емтихан тапсырады, ал 11-сынып бітірушілер үшін мемлекеттік емтихандар 5-19 маусым аралығында өтеді. Түлектерге білімі туралы аттестаттар 22 маусым күні беріледі.

## ИТАЛИЯ ХАЛҚЫНА КӨҢІЛ АЙТТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Италия Премьер-министрі Джорджа Мелонимен телефон арқылы сөйлесті. Президент ең алдымен, Эмилия-Романья аймағында болған жойқын су тасқыны салдарынан адамдардың қаза табуына байланысты Премьер-министрге және барша Италия халқына көңіл айтты.

Әңгімелесу барысында екі ел басшылары саяси, сауда-экономикалық, инвестициялық және гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықты дамыту перспективаларын талқылады. Былтыр екі елдің өзара тауар

айналымы 15 миллиард долларға жуықтады. Елдеріміз экономиканың түрлі саласында тығыз қарым-қатынас жасап келеді. Қазақстанда Италияның 270-тен астам компаниясы табысты жұмыс істеп жатыр.

Сондай-ақ мемлекеттер басшылары энергетика, көлік, өнеркәсіп кооперациясы және ауыл шаруашылығы салаларындағы бірлескен жобаларды жүзеге асыру аясындағы ынтымақтастық перспективаларын қарастырды.

## ИНФРАҚҰРЫЛЫМ МӘСЕЛЕЛЕРІН ТАЛҚЫЛАДЫ

Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов пен елорда әкімінің орынбасары Нұрлан Солтанбеков мәслихат депутаттарымен бірге бас қаланың келешектегі инфрақұрылымға қатысты мәселелерін талқылады. Бұл туралы Е.Каналимов өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.

«Әріптестермен және елорда әкімінің орынбасары Нұрлан Солтанбековпен бірге қаламыздың алдағы жылдары болуы ықтимал инфрақұрылымдық мәселелерді талқылады. Атап айтсақ, халық санының көбеюі, құрылыс қарқыны, сондай-ақ жылу және сумен жабдықтау желілерінің тозуы мәселелері бойынша ой-пікірлерімізді білдік» деді Е.Каналимов.

Оның айтуынша, қазірге дейін тиісті деңгейде тазаланбаған Астана су қоймасы 2028 жылға қарай су резервке айналуы мүмкін. «Есіді суға толтыру Қ.Сәтпаев арнасы арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар, резервтік су құбырын жобалау басталды. Сумен жабдықтау мәселелерін шешу үшін шамамен 11,5 миллион шаршы метр тұрғын үйді төрт жылда кезең-кезеңімен пайдалануға беру



ұсынылды» деп түсіндірді ол. Бұдан бөлек, жиынға қатысушылар инженерлік инфрақұрылымның бірқатар мәселелерін, соның ішінде елордамыздың оң жағалауын абаттандыру жолдары туралы

ой бөлісті. Е.Каналимов жақын арада осы мәселелерді шешу үшін комиссия құрылатынын, оның құрамына Астана қаласы мәслихатының әр тұрақты комиссиясынан бір депутат кіретінін жеткізді.

## АКТИВТЕР МЕМЛЕКЕТКЕ ҚАЙТАРЫЛАДЫ

Парламент Мәжілісі «Заңсыз сатып алынған активтерді мемлекет меншігіне қайтару туралы» заң жобасын қабылдады.

Негізгі заң жобасы заңнамалық негіздердің және активтерді анықтау мен қайтаруға қажет жаңа құралдардың болмауына байланысты активтерді қайтару тетіктерін анықтауға бағытталған.

Ілеспе заң жобалары негізгі заң жобасының ережелерін іске асыру және қолданыстағы заңнамаға бірқатар түзетулер енгізу мақсатында әзірленді. Атап айтқанда, «Прокуратура туралы» Конституциялық заңға, Азаматтық, Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу, Салық кодекстеріне, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске және басқа да

заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу қарастырылып отыр.

Барлығы 11 кодекс пен 13 заңға түзетулер енгізу қарастырылған.

Заң жобаларын қабылдаудың мынадай оң әлеуметтік-экономикалық салдары бар: қоғамда әлеуметтік әділетті қалпына келтіру, заңсыз алынған және алып қойылған мүлікті мемлекетке қайтару арқылы Қазақстан халқының әл-ауқатын жақсарту, мүлікті өз еркімен қайтаруды ынталандыру, құқық бұзушылықты, мүлікті заңсыз иемденуге ықпал

еткен себептер мен жағдайларды жою.

«Заңсыз сатып алынған активті мемлекет меншігіне қайтару туралы» заң жобасы және оған қатысты заң жобалары қолданысқа енгізілгеннен кейін Бас прокуратура құрылымында заңсыз алынған мүлікті қайтару жөніндегі жеке департамент құрылады. Ол осы саладағы уәкілетті орган болады.

Сонымен қатар, мемлекетке қайтарылған активтерді жинақтау және басқару үшін арнайы мемлекеттік қор мен басқарушы компания құрылады.

## ШЕКАРАДАҒЫ КЕПТЕЛІС РЕТТЕЛЕДІ

Мемлекеттік кірістер комитетінің баспасөз қызметі Қазақстанның Өзбекстанмен шекарасындағы өткізу пункттері күшейтілген жұмыс режиміне ауыстырылғанын мәлімдеді.

Мемлекеттік кірістер комитеті, Шекара қызметі және Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі құрамында ведомстваралық жұмыс тобы құрылды.

23 мамыр күні жұмыс тобы көршілес мемлекеттің уәкілетті мемлекеттік органдарымен жедел жиын өткізді. Тараптар

шекарадағы кептелістер бойынша проблемалы аспектілерді жедел шешу бойынша тиісті кешенді іс-шаралар қабылдады.

Жұмыс тобы жақын күндері барлық өткізу пункттерінің жұмыс барысын екі тараптан да бақылайтын болады.

Мамыр айынан бастап Қазақстанға Өзбекстаннан

жеміс-жидек өнімдерін әкелу дәстүрлі түрде ұлғайған. Оның ішінде Ресей Федерациясына тразитпен жөнелтіледі.

Бүгінгі таңда Түркістан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің 3 кеден бекетімен тәулігіне орта есеппен 900-1000 жүк көлік құралы өткізіледі.



## ӨҢІРЛЕРДІ ДАМУ – БАСТЫ НАЗАРДА

Сенатта палата спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен Жергілікті өкілді органдармен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі кеңестің отырысы өтті. Онда сенаторлар мен мәслихат депутаттары Мемлекет басшысының тапсырмаларынан туындайтын міндеттерді талқылап, алдағы бірлескен жұмыстың басым бағыттарын айқындап алды.

Өз сөзінде Мәулен Әшімбаев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев белгілеп берген міндеттерді жүйелі түрде іске асыру жолында күш біріктірудің маңызды екеніне назар аударды. Сондай-ақ Палата төрағасы алдағы бірлескен жұмыстың бірқатар басым бағыттарына тоқталып өтті. Мәулен Әшімбаевтың айтуынша, қазіргі таңда жаңа формациядағы заңдарды қабылдау берілгені белгілі. «Депутаттардың өзгерістердің нәтижесінде қазірдің өзінде функциялардың бір бөлігі орталықтан өңірлерге берілгені белгілі. «Депутаттардың жергілікті жерлерде реформалардың іске асырылуы барысына жоспарлы түрде мониторинг жүргізуін қолға алу маңызды. Қазіргі таңда басқару

ерекшеліктері мен жағдайын жан-жақты зерделеп, қордаланған проблемаларды жүйелі түрде шешуге ықпал етуге тиіс.

Сенат спикері мәслихаттардың жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқаруды дамытудағы рөлі туралы айтты. Қолданыстағы заңнамаға енгізілген өзгерістердің нәтижесінде қазірдің өзінде функциялардың бір бөлігі орталықтан өңірлерге берілгені белгілі. «Депутаттардың жергілікті жерлерде реформалардың іске асырылуы барысына жоспарлы түрде мониторинг жүргізуін қолға алу маңызды. Қазіргі таңда басқару

жүйесін орталықсыздандыру мәселесіне үлкен мән беріліп отыр. Осы бағытта жүргізілген әкімшілік реформалардың нәтижесінде Үкіметтің 500-ге жуық функциясы орталық мемлекеттік органдарға берілді. Ендігі кезеңде біршама құзыреттер жергілікті жерлерге беріледі. Алдағы айларда тиісті заңдарды қабылдауды жоспарлап отырмыз. Осыған байланысты мәслихаттардың рөлін одан әрі арттыру мәселесін қарастырып жөн. Әкімшілік өзгерістердің осындай жаңа кезеңі жергілікті өкілді органдардың құзыретін кеңейтуге де жол ашуы қажет» деді Палата төрағасы.

## БАЛАЛАРҒА ТӨЛЕМ ЖАСАУ ҚАРАЛАДЫ

«ҚР кейбір заңнамалық актілеріне Ұлттық қордан балаларға төлем жасау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңының жобасы төменгі палата қарауына түсті. Заң жобасы Мемлекет басшысының «Ұлттық қор – балаларға» жобасын 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап іске қосу мақсатында әзірленді. Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық табысының 50 пайызы балалардың арнаулы жинақтаушы шоттарында жинақталады.

Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин Мәжіліс қарауына түскен «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасына қатысты пікір білдіріп, Ұлттық қордың қаражаты халық мүддесіне истей бастағанын айтты. «Бүгін Мәжіліс депутаттары Ұлттық қордан балаларға бөлінетін жәрдемақы мәселесі жөніндегі заң жобасын қарауға кірісті. Аталған заң жобасы келесі жылдың 1 қаңтарынан

бастап іске асатын Мемлекет басшысының «Ұлттық қор – балаларға» атты бағдарламасы бойынша әзірленіп жатыр. Бұл – Президент жүзеге асырып жатқан ауқымды реформалар бағдарламасының негізгі бастамаларының бірі. Аталған бағдарлама туралы Президент былтырғы жылдың 1 қыркүйек күні жариялаған Жолдауында айтқан болатын. Мемлекет басшысының «Ұлттық қор

– балаларға» жобасы жас қазақстандықтардың кәмілет жасына толған кезінде өзінің баспана жағдайын жақсартуына немесе білім алуына мүмкіндік береді. Осылайша, Президенттің әлеуметтік маңызды бастамасы заң тұрғысынан ресімделіп, Ұлттық қордың қаржысы халықтың мүддесі үшін жұмыс істей бастайды» деп жазды Е.Қарин әлеуметтік желідегі парақшасында.

## ЭЛЕКТР КӨЛІГІНЕ ОТЫРУҒА ДАЙЫНБЫЗ БА?

Мәжіліс депутаты Динара Шүкіжанова Қазақстанда электромобильді пайдалануды дамытудың ұлттық тұжырымдамасын әзірлеуді ұсынды. Бұл туралы Үкімет басшысы Әлихан Смайыловқа жолдаған депутаттық сауалында айтты.

«Дүниежүзілік банкте Қазақстанда жыл сайын ауаның ластануынан 10 мыңнан аса адам мезгілсіз қайтыс болады деген болжам бар. Бұл проблемаға байланысты экономикалық шығын жылына 10,5 млрд доллардан асады. Ірі қалалардың басым бөлігінде ауаның ластануына автомобиль көлігінің үлесі шамамен 60%-ға жететінін ескерсек, электр көлігін дамыту тиімді шаралардың бірі болып саналады» деді Динара Шүкіжанова Мәжілістің жалпы отырысында сауалын оқығанда.

«Әлемде жыл сайын 10 млн-нан аса электромобиль шығарылады. Қытай электр көлігін шығаруда (шамамен 59%) әлемде көшбасшы болып отыр. Дегенмен электромобильдер үшін инфрақұрылымды дамытуға және электромобиль иелеріне қызмет көрсету сапасына байланысты мәселелер бар. Мұны шешу үшін заң мен технология, инновацияны дамытуды, Қазақстан бойынша қуаттандыру және қызмет көрсету станцияларының инфрақұрылымын жетілдіруді, үйлерде зарядтау станцияларын

орнатуды қаржылық ынталандыруды және бағдарламаларды қамтитын ұлттық тұжырымдама әзірлеу керек» деді депутат.

Оның пікірінше, Қазақстан әрқашан жаһандық климаттық және экологиялық бастамаларды қолдайды. «2016 жылы еліміз БҰҰ-ның Париж келісімін ратификациялады. 2060 жылға дейінгі көміртегі бейтараптығына қол жеткізу стратегиясын бекітті. Енді Қазақстанда электр көлігіне көшуді ынталандыру бойынша нақты шараларды әзірлеу қажет» деп сөзін түйіндеді ол.

## ЖАСТАРЫН ҚОЛДАҒАН ҚАЛА

Жас кәсіпкерлерді қолдау, оларды жұмыспен қамту – күн тәртібінен түспейтін мәселелердің бірі. Осы орайда кеше Астана қаласының Жастар сарайында елордалық жастармен кездесу ұйымдастырылып, жастарға шағын несие беру, жұмыспен қамту және «Жасыл ел» мемлекеттік бағдарламасы бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысы жүргізілді. Сондай-ақ бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өтіп, 16 жұмыс беруші 300-ге тарта бос жұмыс орнын ұсынды.



Индира  
БЕРЖАНОВА

Соңғы кезде елордада жас кәсіпкерлерді қолдауға барынша жағдай жасалуда. Оның ішінде жылдық 2,5 пайызбен жеңілдетілген шағын несие беру тетігінің арқасында жастарға стартап ашу мүмкіндігі қолжетімді.

Елорда жастары кәсіпкерлікті дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы аясында жеңілдетілген несие ала алады.

– Шағын несиелер агроиндустриал корпорация арқылы жүзеге асырылады. Бұл шағын несие 21 мен 35 жас аралығындағы жас кәсіпкерлерді қолдауға бағытталған. Ол конкурс негізінде беріледі. Жеңілдетілген несие шарттары: номиналды сыйақы мөлшерлемесі – жылдық 2,5 пайыз; несиенің максималды сомасы – 5 млн теңге (кепілдікпен). Мерзімі – 5 жыл. Мал шаруашылығына – 7 жыл, – деді Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы басшысының орынбасары Ерлан Жүсіпов.

Өтініш берген кезде жеке кәсіпкер ретінде тіркелу мерзімі 5 жылдан аспауы керек. Сонымен қатар, микрокредит беру мерзімінің үштен бір бөлігі үшін

негізгі борышты өтеу және сыйақы төлеу бойынша жеңілдік кезеңі қарастырылған. Міндетті шарт – кепілзаттың болуы. Кепіл ретінде жылжымалы да, жылжымайтын мүлік те қабылданады. Олар болмаған жағдайда, кепіл берушіні тарту көзделеді. Кепіл беруші жастардың ата-анасы, туыстары және басқа да сенімді адамдар болуы мүмкін. Сонымен қатар соңғы екі жылда несие тарихы бойынша 180 күннен артық кешіктірудің болмауы қажет.

Астана қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы басшысы орынбасарының айтуынша, биыл бұл мақсатта 562 микрокредит қызметін алушыға республика бюджетінен 2,8 млрд теңге қарастырылған. Сондай-ақ кепілге қойылған мүліктің Астана қаласының аумағында болуы міндетті емес және оны Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында тіркеуге болады. Жастарды жұмысқа тарту бойынша Жұмыспен қамту орталығы «Қоғамдық жұмыстар», «Жастар практикасы», «Әлеуметтік жұмыс орындары», «Алғашқы жұмыс орны», «Ұрпақтар келісімшарты» секілді жұмысқа орналастыру бағдарламаларының талаптарымен де таныстырды.

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ елордадағы филиалы директорының несие беру жөніндегі орынбасары Олжас

Баймаханов микрокредит алу үшін өтініш беруші бірнеше құжат тапсыруы керек екенін атап өтті.

– Өтініш беруші алдымен, жеке басын растайтын куәлігі мен бизнес жоспарын тапсыруы қажет. Содан соң оның жеке шоты бар екенін растайтын банк анықтамасы болуы керек. Егер өтініш беруші азаматтың атында несие берілген болса, несие берешегінің, оның ішінде мерзімі өткен берешегінің бар немесе жоқ екені туралы анықтама талап етіледі. Өтініш беруші жұмыс істейтін азамат болса, онда жалақысы мен басқа да табысын растайтын құжатты көрсетуі керек. Сондай-ақ кепілге берілген мүлікті бағалау туралы есеп және басқа да құжаттар болуы қажет, – деді Олжас Баймаханов.

Жиын барысында «Студенттік құрылыс және жастар отрядтарының республикалық қозғалысы» қоғамдық қоры төрағасының орынбасары Асылбек Әбдірәшитов елордада «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының XIX еңбек маусымы бастау алғанын айтып, жұмыс істеуге қызығушылық танытқан жастарды мемлекеттік бағдарламаға қатысуға шақырды. Биыл 4200 жасөспірім мен жастарды жұмыспен қамту көзделген. Олардың қатарында жасы 14-тен асқан мектеп оқушылары, студенттер, көпбалалы және әлеуметтік аз қамтылған отбасылардың балалары, 35 жасқа дейінгі жұмыссыз жастар да бар.

Жастарды жұмыспен қамтуда кезекті бос жұмыс орындары жәрмеңкесі ұйымдастырылып, жұмыссыз жастарға 273 бос жұмыс орны ұсынылды. Жәрмеңкеге 910 жұмыссыз жас қатысты. 16 жұмыс берушінің қатарында «Қазпошта» АҚ, «Jusan Bank» АҚ, «Retro Retail» ЖШС және қалалық Полиция департаменті, Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының өкілдері қатысып, мекемелер жұмыс іздеп жүрген азаматтарға ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізіп, түйіндемесін қабылдады. Осылайша елордалық жастар бірнеше жұмыс берушілермен бір жерде тікелей сөйлесуге тамаша мүмкіндік алды.

## ҮЛЕСКЕР, АЛДАНЫП ҚАЛМА!

Жеңіс Қасымбек Астана қаласының әкімі ретінде алғашқы кездесуі үлескерлермен өткенін жақсы білеміз. Неге? Өйткені баспаналы болу үмітімен құрылыс компанияларына қаржы салғанымен, арманы орындалмай жүрген адамдар көп.

Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу Қазақстанда тұрғын үй сатып алудың танымал тәсілі болып табылады, ол өзінің басты артықшылығы – дайын жылжымайтын мүлікпен салыстырғанда неғұрлым қолжетімді бағасымен тартады. Алайда егер құрылыс салушы да, үлестік құрылыс объектісі де тексерілмесе, құрылыс кезеңінде тұрғын үй сатып алу проблемаға айналуы әбден мүмкін.

Үлескерлердің құқықтарын қорғау бойынша мемлекет жүргізіп жатқан барлық жұмыстарға қарамастан, құрылыс кезеңінде тұрғын үй сатып алғысы келетін азаматтар бірқатар проблемаларға тап болуы мүмкін, олардың тамыры өз құқықтарын білмеу болып табылады.

Сондықтан ықтимал тәуекелдерді болдырмау үшін болашақ сатып алушыларға үлестік құрылыс саласындағы құрылыс компанияларына қойылатын негізгі талаптарды білу маңызды.

Әрбір әлеуетті үлескер девелоперлер өз қаражатын әкімдіктің рұқсатын немесе «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» АҚ («ҚТК» АҚ) кепілдігін алғаннан кейін ғана тарта алатынын білуі тиіс. Бұл талап «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» Қазақстан Заңында жазылған. Бұл ретте сатып алушымен бекітілген үлгілік нысанға сәйкес үлестік қатысу туралы шарт міндетті түрде жасалуы тиіс.

Бұл туралы құрылыс салушымен құжаттарға қол қоймас бұрын білу маңызды, өйткені кейбір компаниялар азаматтардың қаражатын брондау, алдын ала сатып алу-сату, инвестициялау және т.б. шарттар жасасу сияқты заңсыз тәсілдермен тартады. Егер үлескерлермен осындай шарттар жасалған болса, онда тұрғын үй алуға кепілдік жоқ.

Үлестік қатысу шартының үлгілік нысаны Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің бұйрығымен бекітілген. Бұл шарт жазбаша нысанда жасалады және назар аударыңыз, қол



қойылғаннан кейін ол жергілікті әкімдікте «Қазреестр» тұрғын үй құрылысына үлестік қатысудың бірінші ақпараттық жүйесі арқылы тіркелуі тиіс. Шартты тіркеу фактісі бойынша төлем үшін негіз болып табылатын тиісті үзінді көшірме беріледі.

Сондықтан, егер сатып алушы олардың орнына мүлдем басқа құжаттарға, мысалы, заңсыз деп саналатын инвестициялау немесе брондау шарттарына қол қойса, онда оның ақшасыз және пәтерсіз қалу ықтималдығы жоғары. Шынында да, заң бойынша ол үлестік құрылысқа қатысушы болып саналмайды және үлескер ретінде өз құқығын қорғай алмайды. Құрылыс салушы сатып алушылардың өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда, ешкім тұрғын үймен қамтамасыз етпейді. Сондай-ақ бір пәтер бірден бірнеше адамға сатылған кезде қосарланған сату қауіпі бар.

Мұндай проблемаларды болдырмау үшін 2021 жылы «ҚТК» АҚ «Тұрғын үй порталы» ақпараттық жүйесін іске қосты (homeportal.kz), онда «Үлестік құрылыс объектілері» бөлімінде кез келген азамат үлескерлердің қаражатын тартуға қажетті

рұқсаты немесе «ҚТК» АҚ кепілдігі бар барлық заңды түрде салынып жатқан үлестік құрылыс объектілері туралы ақпарат ала алады. Объектілер бойынша деректер «Қазреестр» тұрғын үй құрылысына үлестік қатысудың бірінші ақпараттық жүйесінен келіп түседі.

Бұдан басқа, «Тұрғын үй порталында» әкімдіктің рұқсатынсыз немесе «ҚТК» АҚ кепілдігінсіз үлескерлердің қаражатын заңсыз тартатын құрылыс салушылар туралы ақпарат жарияланады. Бұл ақпаратты әкімдіктер ұсынады.

2023 жылы «Тұрғын үй порталы» базасында үлескерлердің жеке кабинеті іске қосылды, ол азаматтарға өздерінің үлестік қатысу шартын тіркеу фактісін және тиісті үзінді көшірменің бар-жоғын тексеруге мүмкіндік береді.

Осылайша, «Тұрғын үй порталы» тұрғын үй салу үшін үлескерлердің қаражатын заңсыз тартумен айналысатын азаматтарды құрылыс салушылардан қорғауға мүмкіндік береді.

Рымгүл БОЖАҚАНОВА,  
«Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ маманы

Сол жағалаудағы келісті көшеге ұлт көсемі, алаш ардақтысы Әлихан Бөкейхан есімі берілген. Бұрын бас көшелер Ленин, Маркс есімін иеленуші еді, енді заман өзгерген. Көсемдер де өзгерген. Алайда көсемге теліген көшеміз көңіл көншітпей тұр. Неге?

## ҚОС ЖОЛАҚТЫ КӨШЕ БОЛЫП ҚАЛА МА?



Еркін ҚЫДЫР

Мәңгілік кептелістен көз ашпайтын (бір себебі үш жолақ жол Бас прокуратура жанындағы жерасты өткеліне келгенде екі жолаққа айналады) Мәңгілік ел даңғылына қапталдас жатқан көше – осы Бөкейхан. Оның жөндөліп жатқан бөлігі – Бұқар жырау мен Ұлы даланы қосатын тұсы бітуге таяу. Бірақ жүргізушілер қуана қоймайды-ау. Сонау Фариза Оңғарсынова көшесінен де әрі бастау алып Тұңғыш Президент кітапханасына дейін созылатын ұзын көше – негізгі артерия екі жолақ қана болатын сыңайлы. Суретке көз салсаңыз, бұған көзіңіз жетеді. Анау жол жөндегіш машина көлік жолын емес, жанындағы тұрғын үйге арналған көлік тұрағын салып жатыр. Бір-біріне мінгескен Нью-Йоркті еске түсіретін тұрғын үйлер іргесінен көлік тұрмақ адам әзер өтеді. Енді үш-төрт айда

ескі де жаңа Қазақстанның күлшелі де сүйікті құрылыс компаниялары салып жатқан осы үйлер бітеді, сосын мына іргедегі көшелердің ағыны тағы да артады. Ал біз жиырма екінші ғасыр қарсаңында сол жағалаудағы бос жерге салып жатқан жаңа астанамыздың бас көшесін екі жолақты еткеніміз қалай болады? Неге бұлай істеді? Мамандар, ғалымдар қала құрылысы және көшені жобалауға қатыспаған ба? Қоғамдық кеңес пен желідегі белсенді депутаттар қалай назар аудармаған? Машының балалары қала сала алмайды деп дұшпандар табалап жүрмей ме? Қойшы, әйтеуір, сұрақ көп. Сұрақ қоя бергенмен шешімі табылмаса, одан Бөкейханмен жүретін қарапайым жүргізуші мен жүргіншіге не пайда?

Қысқасы, Бөкейхан көшесі толық қосылғанымен, жанындағы Мәңгілік ел даңғылындағы кептеліске ешқандай әсер етпейтін болып тұр. Өкінішті...

## «ЖҮРЕКПЕН СЕЗІНУГЕ» ШАҚЫРДЫ

Бүгінгі таңда Астана қаласы әкімдігінің бір ғана №1 психологиялық-педагогикалық түзеу кабинетінде соңғы 10 жыл ішінде 5 мыңнан астам бала мемлекеттік қызметпен қамтамасыз етілген. Қазіргі таңда олар қаланың жалпы білім беру ұйымдарында білім алуда. Алайда ата-аналар қалада осындай түзеу ұйымдары бар екенін және олардың қызметі туралы көп біле бермейді. Осы орайда аталған мекеме кеше мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған «Жүрекпен сезіну» фестивалін өткізді.

Райхан РАХМЕТОВА

М.Өтемісұлы атындағы Оқушылар сарайы маңындағы Арбат демалыс алаңында ұйымдастырылған іс-шараға Білім министрлігі, Алматы қаласы Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығы, Астана қаласы Білім басқармасы, Сарыарқа ауданы әкімдігі өкілдері, демеуші ұйымдар, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балалар мен олардың отбасылары қатысты.

– Мүмкіндігі шектеулі балаларға әлеуметтік бейімдеу және интеграциялау фестивалін өткізу арқылы қоғамның назарын мүмкіндігі шектеулі балалардың мәселелері мен мүдделеріне аудару көзделіп отыр. Сонымен қатар бұл іс-шараны өткізудегі тағы бір сүбелі себеп – елордадағы осы «№1 психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті» КММ құрылғанына биыл 10 жыл толуы. Бұл мекеме Астана қаласы әкімінің қаулысымен 2013 жылы ашылып, 0-18 жас аралығындағы мүмкіндігі шектеулі балаларға психологиялық-педагогикалық көмек көрсететін алғашқы мемлекеттік ұйымдардың бірі болды. Содан бері қаншама ерекше баланың дамуына ықпал етіп, олардың ата-аналарының жанына жалау болып келеді, – деді

білім басқармасы басшысының орынбасары Маржан Қайырбекова.

Фестиваль барысында мүгедек балалардың отбасылары мен қала тұрғындары әртүрлі сала мамандарынан, атап айтқанда, сурдопедагог, педагог-психолог, тифлопедагог, логопед, дефектологтан балаларды ерте жастан оналту мүмкіндігі туралы кәсіби кеңес алды.

Қаланың арнайы білім беру ұйымдарының қатысуымен балаларды түзету-дамыту процесінде қолданылатын оқу-әдістемелік құралдар мен инновациялық жабдықтардың көрмесі ұйымдастырылды. Сондай-ақ қолөнершілер, суретшілер, аниматорлар ойын-сауық және танымдық бағдарламалар ұсынып, фестивальдің жоғары деңгейде өтуіне атсалысты. Ерекше қажеттіліктері бар балалар әртүрлі бағыттағы шеберлік сабақтарына қатысуға мүмкіндік алды. Сондай-ақ балалардың ақыл-ойы мен физикалық дамуына ықпал ететін, асықпен және нейрогимнастикалық жаттығуларды орындайтын ұлттық ойындар өткізілді. Тірек-қозғалыс аппаратында ақауы бар адамдарға бейімделетін спорттық құрал-жабдықтар көрсетілді. Жалпы іс-шараға мақсатты топтағы 2000-нан астам балалар мен ата-аналар қатысты.



Тәуелсіз Қазақстанның бас қаласы биыл өзінің 25 жылдық тойын тойлайды. Ширек ғасырдан астам уақыт әлемдік тарих үшін қас-қағым сәт! Десек те тұрақты даму жолына түсіп, өркениеттің көшіндегі әлемдік астаналардың қатарына ұмтылған Астана үшін бұл тұтас ғасырға таттын кезең! Осы жылдарда әлемдік деңгейдегі саммиттер мен форумдарды өткізу арқылы біздің елордамыз өзінің есімін жаһандық саясаттың жылнамасына ойып жазды. Бұрын-соңды әлемдік деңгейде мұндай мәртебеге, биік беделге жеткен жоқпыз. Осы саммиттер мен басқосуларға шолу жасайық.



# АСТАНАНЫ АСҚАҚТАТҚАН САММИТТЕР

Төлен  
ТІЛЕУБАЙ

## МӘРТЕБЕМІЗДІ ӨСІРГЕН ЖИЫН

2010 жылы 1-2 желтоқсанда Астанада ЕҚЫҰ елдері мемлекет басшыларының саммиті өтті. Саммитке 65 елдің делегациясы, соның ішінде 28 мемлекеттің президенттері, 10 елдің үкімет басшылары, сонымен қатар жоғары лауазымды шенеуніктер, халықаралық және өңірлік ұйымдардың өкілдері қатысты. Олардың қатарында ЕҚЫҰ-ның Бас хатшысы Марк Перрен де Бришамбо, БҰҰ-ның Бас хатшысы Пан Ги Мун, Ресей Федерациясының президенті Дмитрий Медведев, АҚШ-тың Мемлекеттік хатшысы Хиллари Клинтон, Германияның Федералдық канцлері Ангела Меркель, Италия Премьер-министрі Сильвио Берлускони болды.

Жаһандық жиында ЕҚЫҰ-ның бірінші өлшемі аясында әлем қауіпсіздігіне баса назар аударылды. Сенім мен қауіпсіздік шараларын нығайту, жаппай қырып-жойтын қару-жарақтар таратуды тоқтату, терроризмге, ұйымдасқан қылмысқа, адам саудасы мен есірткінің заңсыз айналымына қарсы бірлесу мәселелері кеңінен талқыланды. Сондай-ақ ЕҚЫҰ-ның экономикалық-экологиялық бағыттағы басымдықтары қаралды. Арал проблемасы да қозғалды. Форумда сөз сөйлеген Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жаңа парадигмасына көшу, яғни ынтымақтастықтың төрт мұхит шекарасындағы – Атлант мұхитынан Тынық мұхитқа және Солтүстік Мұзды мұхитынан Үнді мұхитына дейінгі біртұтас кеңістігін қалыптастыру қажеттігі жөнінде ойын жеткізді. Саммиттің соңында Астана декларациясы қабылданды. Онда саммитке қатысушылар ЕҚЫҰ-ның Хельсинки актісінде, Жаңа Еуропаға арналған Париж хартиясында, ұйымның өзге де құжаттарында бекітілген

міндеттемелерді, қағидағдары мен құндылықтарды қуаттады.

## ЯДРОЛЫҚ ҚАРУҒА ҚАРСЫЛЫҚ ФОРУМЫ

2011 жылы Тәуелсіздік сарайында «Ядрсыз әлем үшін» атты халықаралық форум өтті. Жиынға БҰҰ, МАГАТЭ, ЕҚЫҰ, ШЫҰ, ҰҚШҰ, ЕурАзЭҚ, АӨСШК, ЮНЕСКО, ЯСЖТҚҰ сияқты беделді де танымал халықаралық ұйымдардың басшылары мен өкілдері, сарапшылар мен ғалымдар жалпы саны 400-ден аса адам қатысты. Форумда Тұңғыш Президент Н.Назарбаевтың бастамасымен ядролық қарусыз әлем туралы декларация қабылданды.

## АСТАНА ПРОЦЕСІ

Қазақстан Сириядағы шиеленістерді реттеуге өз тарапынан мүмкіндігінше мол үлес қосты. Соның айғағы, елордамызда 2017 жылдың қаңтар айынан бастап 8 маңызды кездесу өтті. Астана процесіне Сириядағы жанжалды тоқтату бойынша Ресей, Иран және Түркия делегациялары, Сирия үкіметі мен оппозициясы өкілі, БҰҰ-ның және өзге мүдделі елдердің өкілдері қатысты. Астана осылайша көп жылдар бойы мәселелері кеңінен талқыланды. Ортақ шешімдер шығаруға ықпал етті. Кепілгер елдер Сирияда 4 деэскалация аймағын құруға уағдаласты.

## БЕДЕЛІМІЗДІ АРТТЫРҒАН БАСҚОСУ

2017 жылы Астанада Ислам Ынтымақтастығы Ұйымының (ИБҰ) ғылым және технологиялар бойынша бірінші саммиті өтті. Қазақстанның бастамасымен күшті ислам әлемінің басы бір жерге тоқайласты. Бұл жиынның маңыздылығы сол, 83 делегацияның 15-ін мемлекет басшылары маңызды маңызы жөнінен ИБҰ-ның саммитін ЕҚЫҰ-ның

саммитінен асып кетпесе, кем түспейтінін бірауыздан мәлімдеді.

Алқалы жиында ғылым мен инновация, ислам әлеміндегі бірлік пен қауіпсіздік мәселелері көтеріліп, барлық тараптардың өкілдері орамды ойларын ортаға салды. Сайып келгенде, Астана саммиті ғылым мен технологиялар саласындағы ахуалды терең түйсініп, дұрыс қорытынды жасауға және пісіп-жетілген мәселелерді шешудің жолдарын айқындауға жол ашты. Саммиттің өтуі 1,5 млрд халқы бар ИБҰ-на мүше 57 елдің өзінің ғылыми, экономикалық әлеуетін жетілдіруге дайын екенін көрсетті. Саммитке қатысушылар барынша маңызды халықаралық мәселелерді (соның ішінде Мьянмадағы жанжал да бар) ашық талқылап, тиісті есептер қабылдады. Ал Астана декларациясы ислам әлемін дамытуға зор ықпал ететін құнды құжат есебінде ИБҰ-ның тарихына жазылды.

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КЕҢЕС

Астананы әлемге танытқан ірі халықаралық басқосудың бірі – 2008 жылдан бері өткізілген Астана экономикалық форумы. Нобель сыйлығының иегерлері, әлемнің ең танымал экономистері мен саясаткерлері елордаға жиналып, экономика мен саясаттағы өзекті проблемаларды, оларды шешудің жолдарын талқылап, маңызды қарарлар қабылдады. Астана экономикалық форумы сияқты диалог алаңын құру уақыт үрдісі болды. Әлемдік экономикада соңғы жылдарда үлкен өзгерістер болды. Осы орайда АЭФ аса өткір экономикалық және әлеуметтік маңызды мәселелер талқыланатын бірыңғай тұғырмаға айналды. Бұл форум бизнес үшін географиялық және ақпараттық шекараларды жеңуге мүмкіндік беретін практикалық құрал болып табылады. Жыл сайын АЭФ әлемнің 80 елінен 5000-нан астам делегат жиналды. 2019 жылға дейін осындай 10 форум өтті.

## ТУРИЗМ – ЭКОНОМИКАНЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

2019 жылы 9-12 қазанда елордада Бүкіләлемдік туристік ұйымның (UNWTO) қала туризмі жөнінде VIII жаһандық саммиті өтті. Онда «ақылды» қалалардың дамыту арқылы шаһардың көкейкесті мәселелерін шешу, қаланы басқару, тұрақты даму, инновациялар мен озық технологияларды енгізу жолдары әңгіме өзегіне айналды. «Біз астанамызды ең үздік 50 туристік шаһардың санатына енуін қалаймыз. Әлбетте, бұл салада бәсекелестік үлкен, түрлі кедергілер бар екені мәлім. Соған қарамастан елорданың туризмді дамытудағы негізгі қала ретінде бекіткіміз келеді» деп мәлімдеді саммитте сол кездегі Үкімет басшысы А.Мамин. Ал Астананың сол кездегі әкімі Алтай Көлгінов 21 жыл ішінде елорданың аумағы мен халқы 3 есе көбейгенін айтты. «О баста тұрғындар саны 280 мың болса, қазір 1 млн-нан асып кетті. Астана тұрғындарының 70 пайызы, яғни 700 мыңға жуығы – жастар. Соңғы жылдары елорда әкімшілік қаладан іскерлік және туризм орталығына айналды» деді ірі.

Астанада кейінгі 10 жыл ішінде туристер мен қонақүйлердің саны 2 есе өскен. Жаңа терминалдың ашылуы жолаушылар ағынын 3,5 есеге ұлғайтқан. Елорда әуежайы жылына 8 млн жолаушыны қабылдауға мүмкіндік береді. 2019 жылы Астана Mastercard компаниясының 200 жаһандық туристік дестинациясының құрамына енді. Нью-Йорк, Лос-Анджелес, Куала-Лумпур сынды ірі қалалардың халықаралық тәжірибесі қолданылды. Саммитте елордада медициналық туризмді дамытудың әлеуеті жоғары екені айтылды. Мәселен, JSI-ға аккредитациядан өткен 7 ұйымның алтауы елордада орналасқан.

## «ОРТАЛЫҚ АЗИЯ – ҮНДІСТАН» САММИТІ

2022 жылы 27 қаңтарда

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев тарихта алғаш рет өткен «Орталық Азия – Үндістан» атты саммитке қатысты. Жиынға Үндістан Премьер-министрі Нарендра Моди бастамашы болды. Іс-шара онлайн форматта өтті. Көшбасшылар Орталық Азия елдері мен Үндістан арасындағы түрлі салалар бойынша ынтымақтастықты нығайтудың және кеңейтудің келешегін талқылайды. Жиын қорытындысы бойынша «Орталық Азия – Үндістан» атты бірінші саммиттің декларациясы қабылданды.

## ҮШ КҮНДЕ – ҮШ САММИТ

2022 жылы Астанада 13-14 қазанда үш ірі халықаралық форум өтті. 13 қазанда – Азиядағы сенім және ынтымақтастық шаралары кеңесінің VI саммиті; 14 қазанда – ТМД мемлекет басшылары кеңесінің отырысы және «Орталық Азия – Ресей» саммиті. Басқосуларда әлемдегі геосаяси ахуал, стратегиялық серіктестік, өңіраралық ынтымақтастық мәселелері ашық талқыланып, маңызды құжаттарға қол қойылды. Осылардың ішіндегі екі алқалы жиынға кеңірек тоқталайық.

## АЗИЯНЫҢ БОЛАШАҒЫ АСТАНАДА ТАЛҚЫЛАНДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің VI саммитінде Азияның болашағы, осы ұйымды трансформациялау мәселесі көтерілді. Қазақстан Президенті АӨСШК көпжақты ынтымақтастық платформасына және халықаралық заманауи дипломатия институтына айналғанын атап өтті. Ол әлемдегі геосаяси ахуалға айрықша назар аударды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Азия адамзат өркениетінің дамуына зор үлес қосқанын мен сатып алу мүмкіндігі бойынша әлемдік экономикалық көшбасшы ретінде мойындалды. Аймақ айтарлықтай адами және табиғи ресурстарға ие. Әлемдегі

ең ірі 30 қаланың 21-і Азияда орналасқан. 2030 жылға қарай орта таптың қажетіне жұмсалатын 30 триллион доллардың тек 1 триллион доллары батыс экономикасына тиесілі болмақ. Дегенмен Азияның болашағы мәдениеттер, дәстүрлер мен дүниетанымдар арасындағы диалогты нығайтуға ұжымдық дайындығымызға байланысты. АӨСШК-ті дамыту үшін қабылданған қадамдар осы мақсатқа сай келетініне сенімдімін» деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Мемлекет басшысы адами өлшем, адами ресурстарды қорғау және дамыту, азық-түлік қауіпсіздігі, экологиялық өлшем және АӨСШК-ні жетілдіру мәселелеріне кеңірек тоқталып, Қазақстанның ұстанымын жеткізді.

БҰҰ Бас хатшысы Антонио Гутерриш саммитке қатысушыларға бейнеүндеу жасады. Саммит соңында АӨСШК трансформациясы жөніндегі Астана мәлімдемесі қабылданды.

## «ОРТАЛЫҚ АЗИЯ – РЕСЕЙ» САММИТІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен мемлекет басшыларының «Орталық Азия – Ресей» форматындағы алғашқы кездесуі сәтті өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі уақытта бүкіл шекара бойында тұрақтылықты сақтап, қауіпсіздікті күшейту өңірдегі ең маңызды міндет екенін атап өтті. Мемлекет басшысы терроризммен, экстремизммен, қару мен есірткінің заңсыз айналымымен бірлесу күресу, сондай-ақ түрлі гибридіті қауіптерге қарсы өзара іс-әрекет мәселелері өзекті екеніне екіпін түсірді. Сондай-ақ ол 2021 жылы өңіршілік сауда-саттық 34 пайызға өсіп, 6 миллиард доллардан асқанын осы кездесулер барысында қол жеткізілетін уағдаластықтар алтыжақты ынтымақтастықтың іргетасын нығайтатынына сенім білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев тұрақсыздыққа алып келетін тағы бір фактор – өңірдегі жеке-кеңес елдер арасындағы шекара мәселесінің реттелмеуіне назар аударып, оны шешу үшін өңірлік сараптама алаңын құруды ұсынды. Бұдан бөлек, саммит қатысушыларына Орталық Азия елдері мен Ресейдің экономикалық ынтымақтастығының жаңа моделін әзірлеп, қабылдауға ұсынып жасады.



Таңатар  
ТӨЛЕУҒАЛИЕВ

## ІІС ТИІП, УЛАНУ АЗАЙМАЙ ТҮР

**ПЕШ ПЕН ГАЗ АҚАУЫ**  
Төтенше жағдайлар министрлігінің мәліметіне сәйкес, жыл сайын республикада табиғи және сығылған газдан отыздың үстінде адам уланып, газ баллондарын дұрыс орнатпай, техника қауіпсіздігін сақтамаудан адамдар зардап шегіп жатады. Әсіресе, мерзімі өткен, ескі газ баллондарын жақын тұрған автостансаларға барып өздері толтырып жатады. Осының бәрі кейінгі кезде ауылдық жерде болсын, қалада болсын тұрғыны төмен азаматтардың қолымен жасалатыны анықталып отыр. Өткен жылы Төтенше жағдайлар министрлігі әлеуметтік қамсыздандыру министрлігі қызметкерлерімен бірлесе отырып, жылу маусымы басталғанға дейін жүргізілген рейд барысында тұрғыны төмен отбасы тұратын 106 мың тұрғын үйді есепке алып, оларға электр құралдары мен газ қондырғыларын, пештерді пайдалану нұсқаулықтарын түсіндірген. Сөйте тұра, адамдар салдыр-салақтыққа, немқұрайдылыққа салынып, көптеген мәселелерге мән бермейтіндігі қынжылтады.

Астана қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің жауапты қызметкері Азамат Бекбауовтың айтуынша, иіс тиіп тек пештен жылытылатын үйлердің тұрғындары ғана емес, қаланың қақ ортасындағы табиғи газды қолданатын бірақ, салдыр-салақтыққа жол берген, нақтырақ айтқанда, өрт қауіпсіздігін, газды дұрыс пайдалану ережелерін сақтамайтын пәтер иелері де зардап шегіп жатады. Біз үй иелерін жыл сайын арнаулы нұсқаулықтармен таныстырып, пештің түгін шығатын жолдарын тазалауды, шоқ түгел сөніп болмай, мұржаның мойындығын жауып тастамауды айтып, ескертеміз. Соның өзінде көптеген адамдар бізді жүрдім-бардым тыңдап, орны толмас қателіктерге ұрынып жатады. Иіс тию көбіне үйдегі пештердің о баста дұрыс салынбағанынан, ақаулығынан болады.

Мәселен, өткен жылы Дулатов көшесіндегі жеке сектордағы бір үйдің отбасына газ иісі тиіп, түгел ауруханаға түсті. Абырой болғанда, таңға жақын басқа қаладан жамағайыны келе қалып, адамдар аман қалған. Тексерсе келгенде, газ қондырғысы о баста техникалық ақаулығымен орнатылған болып шықты. Ал сол газ құбырларын үйге кіргізіп,

Астанада өткен жылдың күзінен бері екі адам газға уланса, он жеті адам түтінге тұншығып, ауруханаға түскен. Алматыда үйіндегі көгілдір отын құбырының ақауынан бір отбасының төрт мүшесі көз жұмды. Жалпы алғанда, еліміз бойынша өткен жылыту маусымында түтінге уланып, 41 адам бақилық болыпты. Қазір қалада да, ауылдық жерде де біраз аймаққа газ тартылды. Бұл тұрмысқа өте қолайлы болғанымен, қауіпсіздік ережесін қатаң сақта-маса, өмірге қауіп төндіреті сөзсіз. Ең қауіптісі – газдың ақауынан не түсі, не иісі білінбейді. Адамның өкпесі мен орталық жүйке жүйесін зақымдағанда барып, ес-түсінен бір-ақ айырылады. Сондықтан үйге пеш салғанда немесе газ жүргізгенде тек маманға салдырып, оны ай сайын тазалап, тексеріп отыру керек. Әрі оны пайдаланудың барлық техникалық ережелері мен қауіпсіздіктерін қатаң қадағалау және сақтау міндетті.

қосып берген жұмысшылардың ешқандай рұқсат қағаздары (сертификат) болмаған.

### НҰСҚАУЛЫҚТЫ ҚАТАҢ ОРЫНДАУ ҚАЖЕТ

2019 жылы Астана қаласында бес бірдей бүлдіршін қыздың тірдей жанып кетуі қоғамды есеңгіретіп тастады. Алайда адам пенде қой. Мұндай қасіреттен сабақ алудың орнына, уақыт өте келе күнделікті қарбалас тірліктің қамымен жүріп бәрін ұмытып кетіп жатады. Қала маңындағы Қаражал ауылының тұрғыны «күздің қара суығында үйі суып кетіп, шиегетей бала-шағасы тонбасын» деп пештің мұржасын жауып, өзі отыз шақырым жердегі қалаға шаруасымен кетіп қалған. Осы кезде толық жанып болмаған қоламта шоқтан бықсып шыққан түтін үйдің ішіне тараған. Бұл кезде балалар ұйқыға жатып қалған екен. Абырой болғанда, түнгі сағат 11-дің шамасында сегіз жасар үлкен қызы шөлдеп, оянып, су ішуге сыртқа шығамын дегенде басы айналып құлап қалған. Есін жиған соң анасына телефон соғып, болған жайды айтқасын көрші-қолаң келіп, жедел жәрдеммен төрт сәбиді де ауруханаға жеткізіп, аман алып қалыпты.

Мамандар соның алдында бір ай бұрын келіп, бұл үйдің пешін тексерген екен. Қолдануға болатындығы жөнінде актісі де бар. Алайда үй иесі «салқын келеді» деп терезінің желдеткішін бітеп тастаған. Оның үстіне ас үй мен жатын бөлменің арасындағы қабырғаны да өз бетінше алып

тастапты. Міне, соның кесірінен пештің астынан шыққан қоламса иіс біртіндеп сәбилер жатқан бөлмеге таралған.

Сарапшы мамандар күн салқындаған кезде тұрғындар терезелерінің желкөздеріне дейін бекітіп тастап, есіктерін қымтап, бөлмеге жиі таза ауа кіргізеуінің соңы осындай келеңсіз жайларға алып келетінін айтады. Негізі, газбен жылытылатын пәтерлерде терезеге міндетті түрде желдеткіш клапандар орнату керек. Мұндай клапандар іштен ауа шығарғанымен, сырттан келетін салқын ауаны бірден жібермей, жылытып барып, ішке енгізеді екен. Әрі тұрғын үй кодексіне сәйкес жауапты қызметкерлер газ қондырғысы орнатылған мұндай пәтерлерді жылына екі рет тексеріп, бақылап тұруға міндетті.

Газ бас қалаға да келді. Қазірдің өзінде елорданың көптеген аумағы табиғи газға қосылып үлгерді. Бұл тұрмысқа қолайлы болғанымен, қауіпсіздік ережелерін тиянақты қатаң сақтамааса, адам өміріне де аса қауіпті екені байқалып отыр. Оны жоғарыда келтірілген мысалдардан көруге болады. Сондықтан қалалық Төтенше жағдайлар департаменті айына екі рет тұрғындарға түсінік жұмыстарын жүргізіп, нұсқаулықтар таратып келеді.

– Бұл – өте күрделі де, жауапты мәселе, – дейді газ саласының маманы Мұхит Сейітов. – Газ иісі аз-аздан шығып тұрса да, қашан қордаланып, жиналғанша сезілмейді. Өйткені ол ауадан жеңіл болғасын, бірінші үйдің, пәтердің төменгі жағына жина-

лады. Ең қауіптісі де – осы. Үйдің ішінде жүрген адам оның иісін ұзақ уақыт, бірнеше сағат бойы байқамауы әбден мүмкін. Газ иісі тигенде әуелі бас ауырады. Жүрек айниды. Тыныс алу жиілейді. Қатты шаршағандық білініп, көз алдыңыз тұмандануы мүмкін. Сондықтан үйде отырғанда басыңыз ауырды ма, ең бірінші есік, терезені ашып, бөлмені желдетіп, сосын таза ауаға шығып, серуендеу қажет. Үйінде газ қондырғысы бар адам қырағылықты ұмытпай, сал күдіктенсе, апатты газ қызметін шақырғаны жөн.

Сондай-ақ маман мына жайларды қатаң сақтау керектігін ескертеді:


– Пешке сұйық, қатты және газ тәрізді отын жағылатын болса, оның есіктерінде ақау болмауына мұқият көз жеткізу керек. Отын құбырын орнатқан кезде жылыту қазандықтары мен жылу генераторлық қондырғысының әрбір бүріккішінің жанына кемінде екі вентиль: біреуі – оттыққа, екіншісі – отыны бар ыдысқа орнатылады.

Бұған қоса:

- жанып жатқан пешті қараусыз қалдыруға;
- пешті қатты отынмен жағу үшін тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды қолдануға;
- пештерді пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарда көзделмеген жанғыш заттарды (қатты, сұйық, газ тәрізді) отын ретінде қолдануға;
- жанғыш заттар мен материалдарды, мысалы, аяқ киім, киім, отынды пештің және мұржаның бетінен 0,5 метрден кем қашықтықта кептіруге болмайды.

## КӨШЕЛЕР ЖӨНДЕЛУДЕ

Елордада көшелерді жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Қалалық Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы қаладағы тағы екі көшеге – Бейбітшілік және Қараменде би Шақаұлы көшелерінде жөндеу жұмыстарын жүргізіп жатыр.



Жұмыс Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Астана қаласы Полиция департаменті әкімшілік полиция басқармасының келісімі бойынша жүргізілуде.

Мәселен, жол төсемін орташа жөндеу Абай даңғылынан Кенесары көшесіне дейінгі Бейбітшілік көшесінде жүргізіледі. Осыған байланысты учаскеде ағымдағы жылдың 23 мамырынан 1 маусымына дейін автокөлік құралдары үшін қозғалыс толығымен жабылады.

Жөндеу жұмыстары С.Бейбарыс көшесінен Ақан сері көшесіне дейін Қараменде би Шақаұлы көшесінде жүзеге асырылады. Осыған байланысты 23 мамырдан 5 маусымына дейін аталған учаскеде автокөлік құралдары үшін қозғалыс ішінара жабылатын болады.

Елорда тұрғындары мен қонақтары қала жолдарында кептеліс болдырмау үшін қозғалыс бағытын алдын ала жоспарлауы қажет.

## АУЛАЛАР АБАТТАНДЫРЫЛАДЫ



Елордадағы Байқоңыр ауданында аулаларды абаттандыру жұмыстары басталды.

Бүгінгі таңда Амман көшесінен Тәуелсіздік даңғылына және Абылай хан даңғылынан Ш.Құдайбердіұлы даңғылына дейінгі учаскелерде қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Абаттандыру барысында жоғарыда аталған учаскелерде тас төсеу, аймақтарды, балалар мен воркаут алаңдарын жайластыру жоспарлануда. Сондай-ақ жасыл желектерді отырғызуды және қосымша

жарықтандыру тіректерін орнатуды жүзеге асыру жоспарланып отыр.

Қазіргі кезде аудан аумағындағы әл-Фараби даңғылы бойында Пушкин көшесінен Алаш тас жолына дейін ұзындығы 2,8 км құрайтын орташа жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Аталған жөндеу жұмыстары ағымдағы жылдың 5 маусымына дейін жалғасатын болады.



## БЕЙНЕБАҚЫЛАУ КАМЕРАЛАРЫ ОРНАТЫЛУДА

Цифрландыру және мемлекеттік қызмет басқармасының, «Astana Innovations» АҚ мен «Транстелеком» АҚ өкілдерімен өткен кездесуі барысында Алматы ауданының Железнодорожный, Промышленный тұрғын алаптарында бейнебақылау жүйелерін орнату әрі интернет сапасын жақсарту мәселелері қаралды.

Тамыз айының соңына дейін Железнодорожный тұрғын алабында «Сергек» бірыңғай жүйесіне біріктірілген бес бейнебақылау камерасы орналастырылады. Атап айтсақ, осы тұрғын алаптағы айналма жолда, Иманақ көшесіндегі алаң

мен Ж.Жабаев көшесіндегі № 12 және № 14 үйлерде және №29 орта мектеп маңына бейнебақылау камералары орнатылады.

Сондай-ақ Промышленный тұрғын алабында тағы төрт камера пайда болады. Оларды Шалкөде көшесін-

дегі № 1 және № 6 үйлерде, М.Төлебаев көшесіндегі № 25 үй мен Көкжелек көшесіндегі № 2 үйде орналастыру жоспарланған.

Жалпы, аудан аумағында 6042 бейнебақылау камерасы жұмыс істейді. Оның ішінде 213 камера қиылыстарда және

үй маңындағы аумақтарда қалған адамдар көп жиналатын орындарда орнатылған.

Жыл соңына дейін кенттерде байланыс инфрақұрылымы да жаңғыртылатын болады. Онда жаңа тіректер орнатылып, талшықты-оптикалық линиялар өткізіледі.

№61 (4494) 25/05/2023 Бейсенбі

Гүлшат  
САПАРҚЫЗЫ**«ЕСТИТІН МЕМЛЕКЕТ»  
БОЛУДЫҢ ШАРТЫ ҚАНДАЙ?**

ҚР Конституциясындағы 3-баптың 1-тармағында «Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық» деп жазылған. 2-тармағында «Халық билікті тікелей республикалық референдум және еркін сайлау арқылы жүзеге асырады, сондай-ақ өз билігін жүзеге асыруды мемлекеттік органдарға береді» делінген. Жалпы, азаматтық қоғам қалыптастырудың алғышарттары, демократияның жария көріністері заңда көрсетілгенмен, іс жүзінде олай болмай тұр. Тұрғындардың жайшылықта ауызша айтқан талап-тілегін, арыз-шағымын мемлекеттік органдар қарастыра алмайды. Бірақ оларды үнемі прокуратура сынды құзырлы органдар тексереді, ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне жазылғандай, ҚР әкімшілік рәсімдер туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына және халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормаларына негізделген осы кодекс пен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Қазіргі уақытта мемлекеттік органдардың тұрғындармен өзара іс-қимылына азаматтардың өтінішімен жұмыс істеу жүйелілігінің және мемлекеттік органдардың проактивтілігінің болмауы әсер етеді. Халықпен кері байланыс мәселелерін шешу, бұлардың бәрі дұрыс, бірақ жалпы елдегі жағдайға мониторинг жүргізу, проблемалы аймақтарды анықтау маңызды. Елдің ерекшелігін ескере отырып, мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру және мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігін арттыру талап етіледі. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» – бұл барынша ашық және есепті мемлекетті қалыптастыру. Сондықтан тұжырымдаманы әзірлеу барысында, бірінші кезекте, халықтың пікірі барынша ескерілуі тиіс.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының басты мақсаты билік пен халық арасында конструктивті диалог орнату болса, қоғамдағы ашықтық, адамдардың мұң-мұқтажына жедел түрде назар аудару – басты басымдықтың бірі. Цифрландыру дәуірінде, электронды Үкімет қарқынды дамып жатқан кезде бұл іс кешеуілдемейтін шығар деген үмітте болғанмыз рас. Тұрғындардың көп бөлігі солай ойлады. Мемлекеттік органдар мен олардың өкілдері, басшылары әлеуметтік желіде өз парақшасын жедел ашып, танымал топтарға тіркеліп, тікелей эфирге жаппай шығуы байқалды. Тікелей эфирдегі кейбір өзекті сауалдарына тұрғындар бірден жауап алған жоқ, мемлекеттік қызметшілер көбіне ресми түрде сұраныс жіберу керегін алға тартты. Жеке келетін сұрақтар көбіне жауапсыз қалатын. Қатып қалған баспасөз релизін оқып беруді мақсат еткен меморган басшылары халықтың ықыласын емес, ашу-ызасын келтірді. Сенімсіздік күннен-күнге халықты ашыңдыра түседі. Фейк-аккаунттарда жағымды жазылған комментарийлер мен пікірлердің көбеюі жағдайды ушықтыра түспесе, мәселені оң шеше қойған жоқ. Осылайша, қараптан-қарап отырып көзбояушылыққа ұрындық. Кімді, неге алдаймыз – белгісіз.

Халықтың сұрағын жолдаған редакцияға да меморганның уақытылы жауап келгенін әлі көрмедім. Бірнеше рет құзырлы органға айтып, жазып жүріп, әрен дегенде орысшадан шала аударылған қысқаша мәтінге зорға дегенде қол жеткізесің. Шындығы солай.

**ЖУРНАЛИСТ ЖАУАП  
АЛА АЛМАСА,  
ӨЗГЕЛЕР НЕ ІСТЕЙДІ?**

Қарапайым халық пен құзыретті органдардың арасын жалғайтын, көпшіліктің көкейіндегісін жеткізетін журналистер министрліктердегі, басқармалардағы баспасөз қызметімен қоян-қолтық жұмыс істейді. Алайда дәл қазіргідей баға шарықтап, әлеуметтік мәселелер ушыққан кезде, әсіресе, осы салаға қатысты меморгандардан тұрғындардың зәру сұрағына жауап алу қиын түйінге айналды.

ҚР «Мемлекеттік қызмет туралы» заңда көрсетілгендей, жаңадан орынтаққа жайғасқан лауазымды тұлғалар



**ХАЛЫҚТЫҢ СҰРАҒЫН ЖОЛДАҒАН РЕДАКЦИЯҒА ДА МЕМОРГАННАН УАҚЫТЫЛЫ ЖАУАП КЕЛГЕНІН ӘЛІ КӨРМЕДІМ. БІР-НЕШЕ РЕТ ҚҰЗЫРЛЫ ОРГАНҒА АЙТЫП, ЖАЗЫП ЖҮРІП, ӘРЕН ДЕГЕНДЕ ОРЫСШАДАН ШАЛА АУДАРЫЛҒАН ҚЫСҚАША МӘТІНГЕ ЗОРҒА ДЕГЕНДЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗЕСІҢ. ШЫНДЫҒЫ СОЛАЙ**

сұрақтарына жауап беріп, қажетті құжатпен, жауаппен қамтамасыз етуге міндетті.

«Мемлекеттік органдарда жұмыс істеу мәдениетін толық жаңғыртқан жөн» деген Мемлекет басшысының сөзі мына мысалда далаға кеткенмен бірдей. Айта берсе, мұндай мысал көп. Сұрағына ашық жауап ала алмаған тұрғын, әрине, оны әлеуметтік желідегі парақшасында жазады. Қоғамдық пікір қалыптасады. Ол дегенің түрлі әлеуметтік қарсылыққа, меморгандарға деген сенімсіздік жайлаған іс-әрекеттерге жалғасуы әбден мүмкін. Себебі билік тарапынан бұқараға бюрократиялық көзқарас тыйылмай тұр. Мұны әр жиында Мемлекет басшысы сынап айтып жүр.

**ЭЛЕКТРОНДЫ ҮКІМЕТ  
ТЫҒЫРЫҚТАН ШЫҒАРА МА?**

Бізде бір қуанарлығы сол, «eGov электронды үкімет порталының» жұмысы жақсы жолға қойылған. Ақпараттық-коммуникациялық инновациялар есебінен мемлекеттік биліктің ел халқымен өзара іс-қимылын жеңілдету үшін әзірленген жоба азаматтар мен мемлекеттің өзара әрекеттестігін ыңғайлы, қарапайым, қолжетімді және түсінікті ету үшін электронды үкімет жұмыс істейді. 17 жылдың ішінде порталға 14 млн қолданушы тіркеліп, 400 миллионнан астам қызмет алған. Мемлекет қорсететін қызметтерді жеңілдетіп қана қоймай, жемқорлық тәуекелдерін төмендетіп отыр. Азаматтардың өмірін қолайлы ете түскенін атап өту қажет.

«Электронды үкімет жобасы бойынша әлемдегі көшбасшы елдердің қатарына кіріп отырмыз. Онлайн қызметтер көрсету жөнінен алғашқы ондыққа кіреміз. Осы жылдың аяғына дейін электронды негізде смартфон арқылы көрсетілетін мемлекет қызметтерінің үлесін 90 пайызға жеткізу міндеті тұр. Мобильді қосымшаны қазірдің өзінде 3 миллиондай адам қолданып жүр. Бұлардың бәрі – ай сайын оның қызметіне жүгінетін белсенді қолданушылар» деді «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ басқарма төрағасы Ростислав Коняшкин.

Осыдан он жылдай бұрын, 2012 жылдары «eGov электронды үкімет порталында» мемлекеттік қызметтердің 77 түрі қолжетімді болса, бұл – қазіргі бар қызметтің 11 пайызы ғана. Бүгінде 700-ден астам мемлекеттік қызметті онлайн форматта, яғни телефонмен оңай алуға болады. Енді тек алыс, шалғай жатқан ауылдарды интернетпен, қолжетімді ақпаратпен, құжаттармен қамтамасыз ету мақсатында жұмысты жеделдету Цифрлық даму және аэроғарыш министрлігінің басты міндетіне айналуы тиіс.

Тімділігін әлі де зерттеу керек шығар, соңғы уақытта «Ашық НҚА» порталында азаматтар заң жобаларын талқылауға да қатысып жүр. Мемлекеттік органдарға қатысты халықта сұрақ көп, бірақ жауап үнемі кешігіп, я түсініксіз тілде келетіні тағы рас. Орысшадан қазақшаға немесе қазақшадан орысшаға шала аударылған мәтін түріндегі мардымсыз жауаптар бұқараның көңілін толтыра алмайды, құрғақ статистикалар қарапайым халықтың не түсінерін білмей дал болады.

Кешегі сайлау кезінде де қаншама депутат халық алдында уәдесін төгіп, сайлауалды бағдарламасымен таныстырды. «Судың да сұрауы бар», айтылған уәделер орындалуы тиіс. Бұл жолда жергілікті мәслихаттар мен Парламент бірлесіп жұмыс істесе, іс нәтижелі болар еді.

Мемлекеттік органдар қағаз жүзінде болсын, дәстүрлі БАҚ, электронды құралдар түрінде болсын, халықтың мұң-мұқтажына құлақ асып, проблемасын шешетін, шын мәнінде, еститін Үкіметке айналуы тиіс. Бұл – қоғам талабы, бүгінгі шындығы.

**БИЛІК ПЕН БҰҚАРА  
АРАСЫ АЛШАҚ ПА?**

Мемлекеттік мекемелердің халықпен ашық жұмыс істеуі, диалог құруы неге дұрыс жолға қойылмайды? Бұл мәселені ел Президенті жыл сайынғы Жолдауында, Парламентпен өткізген мәжілістерінде қадау-қадау мәселе ретінде үнемі айтып жүр. Осыған орай, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» немесе «Еститін мемлекет» атты тұжырымдамалар қабылданғаны елгілі. Мемлекет басшысының бұл тұжырымдамасы көптеген мәселеге қозғау салып, қалың ел тарапынан қолдау тапқаны белгілі. Яғни билік бұқараға барынша жақын болуы керек. Шенеуніктер алдына келген адамға шекесінен қарамай, қайта мәселесін шешіп беруге ұмтылуы тиіс. Президент Жолдауында айтылған пікірді, міне, осы екі ауыз сөзге сыйдыруға болады. Содан бері не істелді, не өзгерді? Бүгін осыны саралап көруге тырыстық.



Қатып қалған баспасөз релизін оқып беруді мақсат еткен меморган басшылары халықтың ықыласын емес, ашу-ызасын келтірді. Сенімсіздік күннен-күнге халықты ашыңдыра түседі. Фейк-аккаунттарда жағымды жазылған комментарийлер мен пікірлердің көбеюі жағдайды ушықтыра түспесе, мәселені оң шеше қойған жоқ

көмекшілері мен баспасөз хатшыларын конкурстық-ақ өзі тағайындай алады. Бұл – Мемлекет басшысы айтқан халық мұқтаж болғандықтан қабылданған шешім екені ақиқат. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасында айтылғандай, мемлекеттік органдар халықтың үнін еститін жағдайға жету жолында меморгандар да, БАҚ өкілдері де күндіз-түні еңбектеніп жатыр. Тіпті қоғамдағы өзекті проблемаларды, атқарушы органның жылт еткен жақсы ісін, жұмысын жалпақ жұртқа жариялап, жеткізіп отырған да біз.

Ал енді сол мемлекеттік органдарға сауал жолдап, жауабын алу – қиынның қиыны. БАҚ туралы заңда «Бұқаралық ақпарат құралдарының сұрау салуына жауап ұсынбағаны немесе уақытылы жауап ұсынбағаны үшін мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады» делінген.

Журналист – қарапайым адамдардың жанайқайын жеткізуді, билік пен халық арасындағы алтын көпір. Заңда

жазылғандай, журналист (бұқаралық ақпарат құралының өкілі) – еңбек қатынасы немесе өзге де шарттық қатынас негізінде бұқаралық ақпарат құралы үшін хабарламалар мен материалдар жинау, оларды өңдеу және әзірлеу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға.

Күн сайын редакциямызға әртүрлі сұрақпен қала тұрғындары хабарласады. Білімге, тәрбиеге қатысты сауал көп. Осыған орай, министрліктің баспасөз қызметіне WhatsApp желісі арқылы сұрақтарымызға жауап беруін сұрадық. Бір аптадай уақыт министрліктен ешқандай жауап болмады. Алта соңында хабарласқанымызда, министрлік өкілі дәрежелік танытып, қатаң дауыспен жауап беріп, телефон тұтқасын қоя салды. Өзім талай жыл мемлекеттік қызметте болғандықтан, мұндай қылық мемлекеттік қызметшіге тән емес екенін де айтып ұлгермедім.

Жуырда Facebook желісінде белгілі журналист Гүлбану Абеннова осы тақырыпқа сай жанайқайын арнайы пост қылып жариялады. Мемлекеттік органдардың, олардың баспасөз қызметінің халықтың мұң-мұқтажын жазып жүрген журналистердің сауалдарына тіпті назар аудармайтынын ашына жазды:

*«Менің жазбаларымды барлық мемлекеттік органдар оқитынын байқаймын. Бәрі де менің байланыс нөмірімді біледі және бірден қоңырау шалып, жауап беруге тырысады, алайда мынаны ескеріңіз. Кәсіби білігі жоқ баспасөз хатшылары сіз басқарған министрлікке көптеген проблема әкелуі әбден мүмкін. Егер баспасөз хатшылары өзінің жұмысы туралы хабарлама алғысы келмесе, мына ережелерді есіңізде ұстаңыз:*

*\* Өз пікіріңді білдіру үшін конституциялық құқығыңды іске асырамын.*

*\* Менімен қарыз алған адаммен сөйлескендей кейіпте, мысалы, 90-жылдардың басында мен сізден жүз сом қарыз алып, әлі күнге дейін бермей жүргендей көзқарасты мүлде өзгертіңіз.*

*\* Сондай-ақ сіз Нобель сыйлығының лауреаты сияқты менімен ағыл-есі кем жандарға арналған мектептің екінші сыныбындағы балаға сөйлегендей кейіп танытудың қажеті жоқ.*

Гүлбану Абеннованың министрліктердегі тәжірибесіз баспасөз хатшыларына, SMM мамандарына айтары – осы. Кәсіби журналист ретінде де, адам ретінде де өте дұрыс айтады. Осы қағидаларды білмеген мамандар министрліктерге, мемлекеттік органдарға оң имидж, дұрыс пікір әкелмеуі әбден мүмкін. Өйткені қазір адамдар өте сауатты, ғаламтор мен технология дамыған заманда алты жасар баладан алпыс жасқа дейінгі аралықтағы кез келген адамнан сұрасаңыз, өз құқығын санамаалап, сараптап айтып бере алады. Сондықтан мемлекеттік органдардың құлағына алтын сырға, қоғамның келеңсіздігін, кемшілігін айтқан, халықтың сөзін сөйлеген жандардың жанайқайына бейжай, немқұрайды қарауға әсте болмайды.



Мемлекеттік органдардың құлағына алтын сырға, қоғамның келеңсіздігін, кемшілігін айтқан, халықтың сөзін сөйлеген жандардың жанайқайына бейжай, немқұрайды қарауға әсте болмайды

«Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңның 18-1-бабында «Бұқаралық ақпарат құралы ақпарат иеленушіге ресми хабарға кірмейтін ақпаратты беру туралы сұрау салумен жүгінуге құқылы. Сұрау салуға жауап, егер сұрау салудың өзінде өзгеше көрсетілмесе, ол келіп түскен күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде, келіп түскен сұрау салу нысанында және тілінде ұсынылады» делінген. ҚР Конституциясында айтылғандай, мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық. Сондықтан да мемлекеттік органдар бұқаралық ақпарат құралдарының



## ҚҰЗЫРЕТІ КЕҢЕЙГЕН КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТ

Өткен жылы Ата заңымызға енгізілген өзгерістерге сәйкес, 2023 жылдың қаңтар айынан бастап елімізде Конституциялық сот (КС) жұмыс істей бастады. Осыған байланысты «Бұл орган тікелей кімге бағынады? Оған кімдер жүгіне алады? Аталған соттың судьяларының қабылдауына жазылуға бола ма?» деген төңіректе көптеген сауалдар түсіп жатады.

**Р**асы керек, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұсынысымен Конституциялық соттың құрылуы – құқықтық жүйеге тың серпіліс әкелді. Өкілеттігі бойынша аталған орган кең құзыретке ие. Ол өз мүддесі бұзылған азаматтар жүгінген жағдайда олардың өтініштерін Ата заң нормаларына сәйкес қарастырып, қорғайды.

Жыл басынан бері азаматтардан бір жарым мыңға тарта өтініш келіп түсті. Жасыратыны жоқ, олардың көбі Конституциялық сот туралы заңның талаптарына сәйкес келмей жатады. Мұндай хаттар қателіктері түсіндіріліп, жауап жазылып, азаматтарға кейін қайтарылады.

Мәселен, келіп-түскен арыз-шағымдардың ауқымды бөлігі сот үкіміне наразылық, тағайындалған жазаға келіспеу, оны азайтуды сұрау немесе тергеудің дұрыс жүргендігіне шағымдану, судьялардың іс-әрекетіне баға беру сияқты болып келеді. Бірден айтайын, мұндай жайлар біздің құзыретімізге жатпайды.

Конституциялық сот тек азамат судья қолданған нормалардың Ата заң талаптарына сәйкестігіне күдіктенген жағдайда ғана мәселені шешу араласуы мүмкін. Нақтырақ айтқанда, өтініш беруші сот қолданып отырған нақты заң талаптары мен актілердің Конституцияға сәйкестігін тексеруді талап ете алады. Сондықтан сот шешіміне, оның шығарған үкіміне біздің еш ықпал ете алмайтынымызды әрбір азамат түсінуі керек.

Кейде бізге мойындарындағы несие қарыздарын өтеп беруді немесе баспана сатып алып беруге көмектесуді өтініш хаттар келіп жатады. Бұл, енді, азаматтардың құқықтық сауаттылығының қай деңгейде екенін анық байқататын жағдай.

КС-тің сот ісін жүргізу аясында анықталған түйткілді мәселелерді жыл сайын Парламентке, Үкіметке, Президентке жолдап отыратын мүмкіндіктері бар. Онда біз судьяларға жетпеген тек мемлекеттік органдар

шешуі тиіс бірақ олар атүсті қаралған жолданымдарды саралайтын боламыз. Сонымен қатар Конституциялық сот Президент жолданымдарын; Соттардың жолданымдарын; Азаматтардың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарын тікелей қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің сәйкестігін тексеруді өтінген жолданымдарды қараймыз.

Конституциялық сотта 11 судья жұмыс істейді. Әр судьяның өзіне берілген жүктемесінен бөлек, айналысатын басқа да жұмыстары бар. Баршаға аян, КС – жаңа құрылым. Сондықтан осы бағытта бізде басқа да органдардың зерттеулері мен жарияланымдарына тек соттарға ғана емес, халықаралық ұйымдарға да қолжетімді нормативтік базасы қалыптастырылуда.

Бізге жеке қабылдауға жазылуға келіп, өтініш білдірген азаматтар болды. Олар «КС неге азаматтарды жеке қабылдамайды?» деген сауалдар қойып жатады. Біз азаматтарды жеке қабылдай алмаймыз. Неге десеніз, адам елдегі құзіретті органның қабылдауына келгенін ол тек айтылған сөзді тыңдап қана қоймайды, өзінің көкейтесті мәселесінің шешілуін талап етеді. Ал бізде төраға да, судьялар да кез келген жеке мәселенің шешілуіне кепілдік бере алмайды. Өйткені Конституциялық сотта шешім судьялардың көпшілік даусымен қабылданады. Әрі қандайда бір мәселені КС жан-жақты зерттеп, саралап барып қолға алады. Оған, әрине, біраз уақыт қажет. Бажайлап қарасақ, Конституциялық соттың тарихында басқа елдерде де азаматтарды жеке қабылдау тәжірибесі жоқ екен.

Жасыратыны жоқ, бізде жазба хаттардан гөрі, электронды түрде келетін хаттардың легі көп. Негізінен, олар е-Отinish, тұғырнамасы арқылы келіп түседі. Электронды пошта арқылы, саралап барып оқу оңайлау, сондықтан оларға тез жауап беріледі. Ал қағазға жазылған хаттар уақыт алады. Көбінің жазулары түсініксіз болады. Оны ежіктеп, мағынасын түсініп болғанша біраз уақыт кетеді. Оған қарағанда түрмеден жа-



Конституциялық сотқа азаматтар екі түрлі жағдайда жүгіне алады. Біріншісі – судья азаматқа заңды дұрыс қолданбаған жағдайда. Екіншісі – апелляция кезінде сот актілерінің конституцияға сәйкес келмеуі анықталса, азамат КС-қа жүгіне алады. Қалған уақытта барлық арыз-шағымдар мен хат-хабарлар КС туралы заңның 45-бабына сәйкес қаралады

зылатын қағаз хаттар анық, әрі әріптерді тайға таңба басқандай әдемі көрінеді.

«Конституциялық соттың мәжілістері интернеттен неге көрсетілмейді?» деп сұрап жатады. Біз бұл мәселені ойластырамыз. Қазір осы негіздегі басқа елдердің конституциялық соттарының тәжірибесін оқып-үйреніп жатырмыз. Трансляция деген – үлкен мәселе. Сондықтан оған асықпай, байыппен жан-жақты дайындалып, осы жылдың аяғына қарай кірісу жоспарлануда.

Азаматтардың Конституциялық сотқа жүгінуі хақында көптеген сауалдар түсті. Біреулер «соттың бірінші, екінші сатыларынан өтпей-ақ бірден сіздерге жүгінуге бола ма?» деп сұрайды.

Басқа мемлекеттерде азаматтар барлық инстанциялардан өтпей, Конституциялық сот олардың өтініштерін қабылдамайды. Ал бізде заңда анық көрсетілгеніндей, Конституциялық сотқа азаматтар екі түрлі жағдайда жүгіне алады. Біріншісі – судья азаматқа заңды дұрыс қолданбаған жағдайда. Екіншісі – апелляция кезінде

сот актілерінің конституцияға сәйкес келмеуі анықталса, азамат КС-қа жүгіне алады. Қалған уақытта барлық арыз-шағымдар мен хат-хабарлар КС туралы заңның 45-бабына сәйкес қаралады.

Егер Жоғарғы Соттың нормативтік қаулысы Конституцияға сәйкес келмейтіні анықталса, әрі осы бойынша азаматтар бізге шағым түсірсе, онда КС оның күшін жоя алады. Әрине, бұл бірден бола қалатын іс емес. Оны әуелі өндіріске алуымыз қажет, содан соң ол жан-жақты зерттеліп, сосын барып шешім қабылданады.

Парламент депутаттары қабылдаған заң туралы да осыны айтуға болады. Онда да келіспеушіліктер туындап, Конституцияға сәйкес емес деп бізге жүгінген жағдайда Мемлекет басшысы қол қойғанға дейін біз оны қарастыра аламыз. Президент сайлауы, Парламент Мәжілісі депутаттарының сайлауы, республикалық референдум өткізу туралы мәселелерді Конституциялық сот тек «Конституцияға сәйкестігіне күдіктеніп, адамдар тікелей жүгінген жағдайда өндірісіне ала алады.

Жақында бір хатта Алматы қаласындағы бір еңбек ұжымы екі-үш айдан бері еңбекақыларын ала алмай жүргендерін айтып, шағым түсіріпті. Мұндай жағдайда Конституциялық сотқа бір кәсіпорын ұжымының атынан емес, азамат А., азамат Б., азамат С., деген сияқты жеке келген адамдардың атынан өтініш түсуі қажет. Өйткені КС субъекті ретінде тек тікелей жүгінген азаматтардың мүддесін, олардың жеке құқықтарын қорғайды. Сондықтан азаматтар жалпылама мүдде мен жеке мүдденің аражігін ажыратып алулары қажет.

Біз еліміздегі құқық қорғау органдары қызметкерлерінің жұмысын жақсы түсінеміз. Олар үнемі уақытпен санаспай күн демей, түн демей еңбек етеді. Егер олар өздерінің құқықтары мен бостандықтарына қатысты КС-ке жүгінетін болса, ол міндетті түрде қаралады. Азаматтар мынаны түсінген жөн: ол кім болса да, мейлі, құқық қорғау органы қызметкері болсын, журналист болсын, дәрігер, педагог немесе тіпті судья болсын, әңгіме жеке құқының бұзылуына қатысты болса, Конституциялық сотқа кез келген уақытта жүгіне алады.

**Бақыт НҮРМҰҚАНОВ,**  
Қазақстан Республикасы  
Конституциялық соты  
төрағасының орынбасары

## «ДИПЛОММЕН АУЫЛҒА» НЕГЕ БАРМАЙДЫ?

Қазақстанда 2009 жылдан бастап қабылданған «Дипломмен ауылға» жобасы бүгінге дейін жүзеге асырылып келеді. Жобаның негізгі мақсаты – ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт, агроөнеркәсіптік кешенді мамандары мен ауылдық округ әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау көрсету.

Жобаның шеңберінде келген маманға 100 (АЕК) айлық есептік көрсеткіште (345 мың теңге) біржолғы көтерме жәрдемақы беріледі. Ал тұрғын үй сатып алу үшін жылдық 0,01% мөлшерінде 15 жылға дейінгі мерзімге 1 500 (АЕК) айлық есептік көрсеткіште (5 200 млн мың теңге) кредит түрінде әлеуметтік қолдау шаралары көзделген.

Алайда бұл бағдарламасының жүзеге асып жатқанына 14 жыл болды, мамандарға мұқтаж өңірлер көбеймесе, азайған жоқ. Өз міндеттемесін орындап, үш жыл ауылда жұмыс істеген мамандар тиісті мерзімі аяқталған соң жүгін буып-түйіп, қайтадан қалаға көшіп кетіп жатыр. Жылдар бойы бюджеттен қаржы құйылып келген бағдарлама неге міндетін мінсіз орындай алмай жатыр?

Көшкен жас мамандардың бағдарламадан айнып, қалаға қайтып кетуінің салмақты себебі – тұрғын үйді сатып алу қиындықтары және орталықтандырылған су мен жылуудың жабдықтаулығы жоқтығы.

Нәтижесі көптеген ауыл әлі күнге дейін тәжірибелі мұғалімсіз, білікті дәрігерсіз отыр.

Мемлекеттен берілетін бір реттік 345 мың теңге неге жетеді? Қазір азық-түліктің ауылдағы құны қаладағы бағамен бірдей. Үйге деп берілетін 5 миллион теңгеге үй ала аласыз ба? Немесе жобамен барған маман сол ауылда «квартирант» болып жүру керек пе?

Осы орайда, Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы, ауылдық жерлерге барған мамандарға жағдай жасау мақсатында төмендегі ұсыныстарды ұсынады:

1. Мамандарға берілетін бір реттік көтерме жәрдемақыны, әр отбасы мүшесіне яғни адам басына 150 (АЕК) айлық есептік көрсеткішке (520 мың теңгеге) дейін арттыру;

2. Ауылдар түгілі, кейбір аудандардың өзінде «Дипломмен ауылға» бағдарламасының критерийлеріне сәйкес келетін тұрғын үйлер жоқ. 70-жылдары салынған үйлер құлайын деп жатыр және тұруға қолайсыз. Сондықтан да жас мамандарға 5 млн теңгеге кредит бергенше жаңа үйлер салып беру немесе тұрғын үй сатып алуға және салуға берілетін несие мөлшерін 3000 (АЕК) айлық есептік көрсеткішке (10 млн теңгеге) дейін ұлғайту. (ауылдық елді мекендердің географиялық орналасқан жеріне байланысты.)

3. Бағдарлама аясында ауылдық жерлерге баратын мамандардың 70% жас отбасылар болғандықтан, міндетті еңбек өтілімін 3 жылдан, 5 жыл немесе 7 жыл аралығына дейін ұзарту қажет.

4. Бағдарламаның ауқым кеңейтіп, оған ауылдық аудандардың орталықтары болып табылатын моноқалалар мен шағын қалаларды енгізуді ұсынамыз.

**Наурыз САЙЛАУБАЙ,**  
Мәжіліс депутаты



№61 (4494) 25/05/2023 Бейсенбі

Украинада қақтығыс болып жатқанына 15 айдан асты. Ресей өзі бастаған процесті соңына шығара алмай титықтауда. Халықаралық қауымдастықтан барған сайын алшақтап, әлемдегі ең көп санкция салынған елге айналды. Экономикасы әлсіреп, импорт-экспорт, сауда айналымы төмендеді. Аймақтағы ықпалы да әлсіреп, керісінше, Қытайдың ықпалы күшейе бастады.

Қалиакбар  
ҮСЕМХАНҰЛЫӘЛЕМГЕ ҚАЛАЙ  
ӘСЕР ЕТТІ?

Украинадағы жағдай өңірлік қауіпсіздік үлкен сын-қатерге дөп келіп, халықаралық жағдайды шиеленістіре түсті. Әлемді энергиямен, астықпен қамтамасыз ету де күрделі мәселеге айналды. Өйткені соғысып жатқан екі тарап та әлемді мұнай, газ, астықпен қамтамасыз етіп отырған ірі елдер саналады. Ең алдымен бұл соғыс Еуропа Одағы мен Ресей арасында екі тарапқа да ауыр соққы болатын «қарусыз майдан» ашты. Табиғи газдың ең ірі экспорттаушысы саналатын Ресейді экономикасы әлем бойынша үшінші орында тұрған Еуроодаққа қарсы қойды. Сонымен Еуроодақ Ресей энергиясынан тәуелділіктен біржолата құтылудың қамына кірісті. Тасымал жолдары өзгере бастады. Ұзақ жылдар бойы қалыптасқан Еуропа-Ресей-Азия тасымал жолы бұзылып, Грузия-Әзербайжан-Орталық Азия жолының маңызы арттыра түсті.

Қытай, Өзбекстан және Қырғызстан Сианьдағы «Орталық Азия-Қытай» саммитінде Ресейді айналып өтетін темір жол құрылысы жобасының келесі қадамдары туралы ұшжақты құжатқа қол қойды. Осылайша бұл елдерде халықаралық санкцияға ұшыраған Ресейді айналып өтіп, Еуропаға апаратын қысқа жол пайда болуы мүмкін. Бұл да соғыстан кейінгі әлемдік тасымалдағы ең үлкен өзгерістің бірі. Аталған темір жол бойынша алғашқы келісімге 2022 жылғы 14 қыркүйекте Самарқанда өткен Шанхай ынтимақтастық ұйымының саммитінде қол қойылған. Eurasianet.org сайтының жазуынша, темір жол Қырғызстандағы Торугарт асуынан (мұнда Қытайдан келетін темір жол бұрыннан бар) басталып, Арпа мен Макмал сияқты елді мекендер арқылы солтүстікке қарай жалғасып, Жалалабатқа жетеді. Ол жақтан Өзбекстанның темір жол торабына қосылады. Осыдан әрі Иран, Түркия арқылы Еуропа нарығына шығады. Бұл жоба Ресейді ғана емес, Қазақстанды да айналып өтіп, әлемдегі жаңа жеткізу жүйесін қалыптастырды.

РЕСЕЙДІ ҚЫТАЙҒА  
ТӘУЕЛДІЛІГІ АРТТЫ МА?

Жанжалдан кейін Ресей экономикасы үлкен сынаққа дөп келді. «Суға кеткен тал қармайды» дегендей, шарасыз қалған Мәскеу өз өнімдерін (мұнай мен газ) Еуроодақ пен АҚШ-қа доллармен, еуромен сатудан бас тартып, табиғи газды ресейлік рубльмен сату туралы шешім қабылдады. Бұл рубльдің зор дәрежеде құнсыздануының алдын алғанмен, Ресей Еуроодақ пен Батыс елдерінің нарығынан айырылып, табиғи байлығын өз ақшасын әлемдік валютаға айналдыруға талпынып отырған Қытайға, жоғарыда айтып өткеніміздей, өте арзан бағамен сатуға мәжбүр болды. Осылайша бұл «қайтсем долларды ығыстырып, юаньді халықаралық валютаға айналдырам» деп басы қатып отырған Қытайға «май тілесен, міне, құйрық» болды. Яғни бұрын Қытаймен тең тұрғыда тұратын Ресейдің орны әлсіреп, Мәскеудің Бейжіңге тәуелділігі артты. Алда Ресейге несие беретін де тек Қытай болуы мүмкін. Тәуелділік тіпті артады деген сөз.

Наурыз айында Қытай төрағасы Мәскеуге барып қайтты. Осы кездесуде Қытай мен Ресей юаньмен есеп айырысуға, сондай-ақ юаньмен есеп айырысатын елдердің қатарын

СОҒЫС  
САЛҒАН САЛДАР

көбейтуге келіскен. Осы арқылы долларды ығыстырып, доллардан құтылу аяқ алысын тездетпек. Қытайдың бұл бастамасына Иран да келіскен. Қытай енді өз қатарына Сауд Арабиясын тартып, мұнайдан бұлақ ағызған елді барлық саудада юаньмен есеп айырысуға, АҚШ долларын біртіндеп ығыстыруға итермелеп отыр.

2016 жылы Халықаралық валюта қорымен болған келіссөздердің арқасында Қытай юаньді әртүрлі елдердің валюта резервін құрайтын халықаралық валюталардың біріне айналдырды, осылайша юаньнің одан әрі дамуына жол ашып, әлемдік валюта және қаржы жүйесіне кіруіне, юаньмен есеп айырысуға үлкен мүмкіндік тапты. Юань шетелдік резервтік валюта ретінде пайдалану көрсеткіші бойынша АҚШ доллары, еуро және жапон иенінен кейінгі төртінші орында тұр. Қазіргі уақытта Иран, Біріккен Араб Әмірліктері, Үндістан, Сингапур, Түркия және Индонезия сияқты 30 ел есеп айырысуда немесе инвестициялық мәмілелерде біртіндеп юаньді қолдануға көше бастады. Бүкіл Африка құрлығы да юаньнің ықпалында. Алдағы уақытта бұл елдердің қатары көбеймесе, азаймайтын түрі бар. Әсіресе, Ресейдің де юаньмен есеп айырысуға мәжбүр болуы, сондай-ақ, Сауд Арабиясы мен Қытай қарым-қатынасының күшеюі соңғы кезде тұтас әлемнің назарын аудара бастады. Егер алда-жалда Сауд Арабиясы да сыртқы сауда мен мұнай саудасында юаньмен есеп айырысуға көшетін болса, онда доллардың орны, шынымен де, шайқалайын деп тұр.

Оның үстіне, АҚШ-қа дефолт қаупі төніп тұр. Конгрестегі өкілдер палатасын бақылап отырған республикашылар ұлттық қарыздың шекті мөлшерін көтеру үшін мемлекеттік шығындарды 8 пайызға азайту керек деген талап қойып отыр. Байден болса олардың ұсынысын орыныз деп есептейді. Президентті алпауыт корпорациялар мен фармацевтика өнеркәсібі үшін салықты көтергісі келеді. Оған республикалық партия қарсы. Демократтар мен республикашылардың келісімге келуіне небәрі он күн қалды. Қаржы министрі қос тарап 1 маусымға дейін ұлттық қарыздың шегін көтермесе, ел қазынасында қаржы таусылып, экономика дефолтқа ұшырайтынын ескертіп отыр. Лимитті көтеру туралы мәмілені конгрестің екі палатасы да мақұлдауы керек. Бұл жағдай да юаньнің ырықты орынға шығуына мүмкіндік беретін тағы бір фактор болып тұр.

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ  
КІМНІҢ ЫҚПАЛЫНДА?

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Орталық Азияның Ресей ықпалында

болып келгені көпке мәлім. Алайда Кеңес Одағының шекпеннен шыққан елдерді «уысымнан шығармай, өз ықпалында ұстап отырамын» деген Ресей енді не істейді? Атап айтқанда, Украинадағы соғыс НАТО-ның шығысқа ірге кеңейтуіне тосқауыл қойғаны былай тұрсын, керісінше, НАТО-ны Ресейдің іргесіне тіпті жақындатты. Соғыстан кейін Финляндия мен Швеция ұйымға мүше болуға өтініш тапсырып, Финляндия НАТО-ның 31-мүше еліне айналды. Швеция да көп ұзамай қатарға қосылатыны анық. Соғыс аяқталғаннан кейін Украина да НАТО-ға мүше болады. Демек, Ресей әлемдік саяси жағдайға ықпал етемі деп жүріп, өз ықпалын әлсіретіп алды. Франция президенті Эммануэль Макронның L'Opinion басылымына берген сұхбатында «Бұл соғыста Ресей Қытайға тәуелділіктен басқа, Балтық жиналыстың айырылып, Швеция мен Финляндияның НАТО-ға кіруін жылдамдатты. Екі жыл бұрын бұл мүмкін емес еді. Осыдан-ақ Ресейдің үлкен геосаяси жеңіліске ұшырағанын байқауға болады» деп түйіндегені – соның айғағы.

Ресейдің Украинаға соғыс қозғауы тұтас ТМД елдерінің экономика, саяси жағдайына әсер етіп, Орталық Азияда Ресей ықпалын кеміту аяқалысын тездетті.

«Орталық Азия-Қытай» саммиті 18-19 мамырда Қытайдың Сиань қаласында өтті. 31 жыл ішінде Қытай мен Орталық Азия елдері басшылары алғаш рет осындай форматта жүзбе-жүз кездесу өткізді. Кездесуде Си Цзиньпин мен Орталық Азия бес елінің президенттері өзара қолдау көрсету туралы Сиань декларациясын қабылдады. Осы жиналыста Қытай басшысы «Қытай Орталық Азия елдерінің қорғаныс қабілетін күшейтуге көмектесуге дайын. Әлемге тұрақты, гүлденген, үйлесімді әрі байланыс нығайған Орталық Азия керек» деп мәлімдеді. Ол сонымен бірге алты мемлекет аймақтағы елдердің ішкі мәселелеріне сыртқы күштердің араласуына қарсы шығуы тиіс деп бұрынғы сөзін қайталады.

Ресей мен Украина арасында соғыс жүріп жатқанда, Қытай Орталық Азия елдерінің қорғаныс мәселесін алғаш рет айтып тұрған жоқ. Былтыр Қытай басшысы ШЫҰ саммитіне бара жатқан кезде Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевқа Қытай Қазақстанның тәуелсіздігін, егемендігі мен аумақтық тұтастығын қорғауға дайын екенін, елдің ішкі мәселелеріне сыртқы күштердің араласуға қарсы шығатынын айтқан еді. Қытай төрағасының бұл сөзін екі тұрғыдан түсінуге болады. Біріншіден, бұл Орталық Азияда Ресей ықпалының әлсіреп, Қытайдың әсері күшейгенін анық аңғартса, екіншіден, Қытайдың Ресей өз

басымен әлек болып жатқан шақта Орталық Азияның АҚШ ықпалына еніп кетуінен, сондай-ақ, өңірде тұрақсыздық белең алып, оның әсері Орталық Азиямен шекаралас жатқан, онсыз да Қытайдың бас ауруына айналған Шыңжаңға тиіме деп алаңдайтынын аңғартады. Қытай үшін де Орталық Азияның тұрақтылығы айрықша маңызды. Оның үстіне, Қытай мен Орталық Азия арасындағы сауда-саттық та жыл сайын артып келеді. Ресми ақпаратқа қарағанда, кейінгі кезде Қазақстан-Қытай сауда-саттығының көлемі 31 млрд долларға жеткен. Енді тараптар осы көлемді 40 млрд долларға жеткізуге келіскен. 18 мамырда құны 22 млрд доллар болатын келісімдерге қол қойылған.

Кремль Орталық Азияны үнемі сөзі жүретін стратегиялық аймақ ретінде қарастырып келді. Бірақ кейінгі жылдары өңірде Қытайдың экономикалық ықпалы артып, Ресей екінші орынға ығысты. Өңірде геосаяси, экономикалық шиеленіс артып, Қытайдың рөлі одан әрі күшейді.

ҚЫТАЙ ҮШІН  
ҮЛКЕН МҮМКІНДІК

Биыл Қытай инвестициялық бастамасы – «Бір белдеу – бір жол» жобасы аясындағы үшінші халықаралық форумын өткізеді. Осы арқылы Еуразиялық экономикалық одақ арасында байланыс табуға тырысып жатыр. Бұл форумда Оңтүстік және Орталық Азияға ерекше көңіл бөлініп отыр. Оның үстіне, Қытай ондаған жыл бойы Орталық Азияда экономикалық күшке ие болды. Аймақтағы Тәжікстан мен Қырғызстан секілді елдердің Пекинге миллиардтаған доллар қарызы бар. Кейінгі жылдары Пекин аймақпен қауіпсіздік саласындағы әріптестігін кеңейтуге тырысып, Тәжікстанды үйлестіруші орталыққа айналдырды. Тәжікстан ресми түрде жоққа шығарғанмен, тәжік-ауған шекарасында Қытай қауіпсіздік күштерінің әскери базасы бар. Ал АҚШ болса Қытайдың Орталық Азияға бұрылуына мұрша бермеу үшін Тайвань мен Қытайдың оңтүстік мәселесін де қайта-қайта қозғап тұр.

Қысқасы, Мәскеу өзімен-өзі зуре боп жатқанда, Қытайдың Орталық Азиядағы саяси, экономикалық және әскери ықпалын арттыруға жақсы мүмкіндік бар. Екінші тұрғыдан алғанда, Украинадағы соғыс Орталық Азияға көптеген елмен әріптестік орнату мүмкіндігін кеңейтті, бірақ Пекиннің Орталық Азия мен Ресейге қатысты ойын өзгерткен жоқ. Яғни Қытай өңірдегі ықпалын кеңейтіп, Орталық Азияны уысында ұстауға 30 жыл бойы талпыныс жасап келеді. Украина соғысы сол процесті барынша тездетті.



## ЖАҢАН ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ДУБАЙДА  
«АЙ» САЛЫНАДЫ

Дубай қаласында Ай пішіндес құрылыс салынбақшы. Жер серігінің репликасында керемет қонақүй, спорт сарайы және тағы басқа ғимараттар орналасады.



Канадалық кәсіпкер және Moon World Resorts Inc. сәулет компаниясының тең негізін қалаушы Майкл Хендерсон 274 метрлік айдың көшірмесін салуды ұсынып отыр. Ол 30 метрлік ғимараттың

жоғары жағына орналасады. Жоба құны 5 миллиард АҚШ долларынан асады. «Ай» әлемдегі ең биік 828 метрлік ғимарат – Дубайда орналасқан Бурдж-Халифа зәулім ғимаратына керемет үйлесім болмақ.

ЖАҢБЫР  
ТАСҚЫНҒА ҰЛАСТЫ

Италияның кей өңірінде жауын-шашын көлемі соңғы 6 айдағы мөлшерден асып кеткен. Тіпті кейбір қалаларда көшелерде тұрған көліктерді су басқан.



Қазір апат аудандарында тасқын салдарымен күрес жүріп жатыр. Жапа шеккендер туралы әзірге ақпарат жоқ. Қаланың біраз ауданын су басып

қалды. Қазір жергілікті мен гараждардағы суды сорып алып, сыртқа төгіп жатыр. Бірақ нәсер жауын күні бойы толастамай, соңы тасқынға ұласты.

ҰЗАҚ СОҒЫСУҒА  
ШАМАСЫ ЖЕТЕДІ

Берлиндегі Қауіпсіздік саясаты академиясында сөйлеген Германия сыртқы барлау қызметінің (BND) басшысы Каль «өз әскеріне оқ-дәрі жеткізіп бере алмайтын жағдайға жетті» дейтін кейбір пікірлерге қарамастан, «Ресейдің саяси жүйесі шайқалып тұр деген негіз жоқ» деді, алайда ондай жағдай болуы мүмкін емес деп те айтпады.



Кальдің сөзінше, әскерін одан әрі толықтырып, ұзақ соғысуға Ресейдің әлі де шамасы бар. Оқ-дәрі мен қару-жарақ мәселесі де солай. Сол себепті Ресей әлсіреді деуге немесе ұрыс қимылы аяқастынан тоқтай қалады деп үміттенуге болмайды. Бруно Каль

Ресей қарулы күштерінде кейбір әлсіз тұстар бар екенін айтты. «бірақ Батыс ұйымдасқан түрде Украинаға көмектеспесе, соғысты соза түсіп, сан мен материал жағынан үстемдікке жетуді көздейтін Путиннің стратегиясы жеңіп кетуі де мүмкін».



Рас, Ұлы дала табиғатының қаталдығы, қуаңшылықтан егіннің өнім бермеуі, тіпті шықпай қалуы, жайылымдарда шөптің болмауы, малдың жұтқа ұшырауы сияқты объективті факторларға дау жоқ. Алайда отарлық саясат бұл факторларды күшейте, арттыра түсті. Халық жан-жаққа үдере көшіп, мыңдаған адам аштыққа душар болды. Мұны Алаштың алғашқы ардақтылары да білді, бұл тақырыпқа арнайы қалам да тартты.

Қазақтың тұңғыш ағартушысы әрі ұлы ғалымы Шоқан Уәлиханов 1864 жылғы 26 наурызда Омбыдан Батыс Сібір генерал-губернаторының атына жолдаған «Қырғыздардың қоныстары жөнінде» атты ресми хатында бұрын ата-бабалар қыста малын айдайтын Ертістің сыртына енді орыс казактарының жібермейтіні, соның салдарынан Төртұлы болыстарының қазақтары мүлдем қыстаусыз қалғаны, олардың қысқы қолайсыз ауа райы мен қалың қардан көбірек зардап шегетіні, содан осындай шарасыз жағдайдан олар өзін асырайтын азық табу үшін басқа округтерге қоныс аударуға мәжбүр болып отырғанын жазған болатын.

Халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан шаруашылық өміріне бірден күшпен өзгеріс жасауға болмайды, отырықшылық тұрмыстың артықшылығына халықтың көзін жеткізе отырып, бірте-бірте әкелген жөн деп санаған тамаша кәсіби педагог Ыбырай Алтынсарин «Қазақ даласындағы аштық туралы» атты мақаласында былай деп жазды: «Шынында да, дала адамдарының халықтық өмірін жасанды түрде төңкеруге кіріспес бұрын бұл халықты, оның өмірін танып білу әлдеқайда ақылдырақ болар еді. Қатерлі қателік жасамау үшін бұл халықта аграрлық мәдени дамудың нысандары бар ма екен, отырықшы үстем халықпен арадағы тікелей қатынастан қаншалықты әсер ала алады екен, бұл халық қоршаған табиғаттың қандай жағдайында орналасқан және т. б. осы сияқтыларды біліп алған жөн». Сәси сергек те тұғырлы тұлғаның пікірінше, тұтас ұлттың тұрмысын ықтиярсыз өзгерту бұл ұлттың, кейде ол қандай қабылетті болғанымен, еңбек ұлтқа айналдыруы мүмкін дей отырып, бұған башқұрт халқының мысалға келтірген еді.

Осыларды айта отырып, қазақ халқының басына түскен, мезгіл-мезгіл қайталанып отырған ашаршылықтың төркінін патшалық Ресейдің отарлық саясатынан басталғанына тағы да дәлел келтіргіміз келеді. Бұл, әсіресе, 1916 жылғы Түркістандағы көтерілісті басушы жазалаушы отрядтар мен Ресейден қоныс аударғандардың әртүрлі озбырлығы қалжыратқан халық 1917 жылғы елдегі саяси дүрбелеңдерді тағы да ерекше қайшылықтармен қарсы алды. Мұның үстіне көп ұзамай тарих сахнасына шыққан большевиктер қоғамды бір-біріне қарсы екі тапқа бөлуімен, кедейлерді байығудың орнына, байлардың дүние-мүлкіні тәркілеуі, реквизиция, жергілікті жағдаймен санаспай жаппай ұжымдастыру, национализациялау, кәмпескілеу, т. б. саяси-әлеуметтік әрекеттерімен бұрын онсыз да қиынған тағдырды асқындыра түсті. Ең қиыны – халық тоз-тоз болып, әлсін-әлсін ашаршылыққа ұшырады. Бұл мәселелерді Алаштың кейінгі толқын арыстары білмеді емес, жақсы білді, бірақ көсіліп жаса алмады. Дегенмен Мұстафа Шоқай ашаршылық тақырыбын 1917 жылғы 8 қарашадағы «Бірлік туы» газетінің №14 санындағы «Алаш ұранды қазаққа!» атты мақаласында көтерген болатын. Онда қытай жеріне ауған 164 мың қырғыз-қазақтың сексен үш мыңның аштықтан, жалаңаштықтан қырбылғаны және бұл мағлұмат бірінші шілдеге дейінгі екені жазылған еді.

Кеңес өкіметі Түркістан Мұқтариятын қанды қырғынға ұшыратып, Мұстафа Шоқай елден кетуге мәжбүр болғаны белгілі. 1919 жылы Тифлиске жетісімен бұл тақырыпты қайта қолға алды. «Вольный гонец» газетінің 1920 жылғы 19, 26 шілде және 3 тамыз айларындағы сандарында өзбек тілінен аударылып басылған «Советтік Түркістанда» («В Советском Туркестане») атты мақаласында М.Шоқай 1918 жылы Ташкентке келген казактар қала ортасында нан ала алмай, оған тек шет аймақтарда ғана қол жеткенін, ал бір қаладан екіншіге көшіп

# АЛАШ АРДАҚТЫЛАРЫН АЛАҢДАТҚАН АШАРШЫЛЫҚ



XIX ғасырдың екінші жартысынан алып аймақты алып жатқан қазақ елі түгелдей патшалық Ресейдің отарына айналды да, жергілікті өкімшілік орындары ұлтымыздың тілі мен дініне тиісті, ежелден келе жатқан әдет-ғұрпын, тұрмыс-тіршілік салтын күштеп өзгертуге бағыт ұстады. Бұрын негізінен көшпенді өмір салтындағы халық еріксіз отырықшылыққа бағытталып, артық жерлер жаңадан көшіп келушілер қорына ығыстырыла бастады. Бұл толып жатқан қайшылықтар тудырып, жергілікті халықтың әлеуметтік өмірін төмендетіп, күрделі қиыншылықтарға душар етті. Ең қиыны, әрине, халықтың аштыққа ұшырауы болатын.

келген өзбектерге мүлдем азық-түлік карточкасы берілмегенін, «ондаған, жүздеген мың қазақтар мен сарттар қырылып жатқанда» Орынбор-Ташкент теміржолы бойында жүздеген вагон бидай мен ұн із-түзсіз жоғалатынын жазған еді.

1921 жылы Грузияны кеңес өкіметі басып алғаннан соң, Мұстафа Шоқай Түркияға ауысты. Осында келген бойда-ақ түбі бір түрік халқын хабардар ету үшін жазған «Қырғыздар (қазақтар – Ә.Б.) Совет өкіметінің қол астында» («Киргизы под Советской властью») деген мақаласында таптық күрес пен қалалық өндіріс пролетариатының диктатурасын қолдаған Ресей большевиктері тапқа бөлінбеген қазақ қоғамының табиғи, тарихи және тұрмыстық ерекшеліктерімен санаспай, қиратушылық рөл атқарды деп жазды.

Мұстафа Шоқай Түркияда да тұрақтай алмады. 1921 жылдың мамыр айында Францияға жетті. Парижде орналасқаннан соң бұрыннан жақсы білетін осындағы кешегі Уақытша үкімет басшылары болған А.Ф.Керенский және П.Н.Милоковтің «Дни» және «Последние новости» газеттерінде Түркістан халқының ашаршылық тағдырына қайта оралды. Осы басылымдарда 1926 жылға дейін он шақты мақала жарық көрді. Мұның басты себебі кеңес өкіметінің саясатынан туындаған елдегі ашаршылықтың жалғаса түскені болды.

1921 жылғы 26 қарашадағы «Последние новости» газетінің №495 санында жарық көрген «Қырғызиядағы (қазақтардағы) ашаршылық» («Голод в Киргизии») атты мақаласында Мұстафа Шоқай 1921 жылғы қарашаның 16-сында Берлинде шығатын «Новый мир» журналының 244-санында жарық көрген А.Байтұрсынұлының шағын мақаласы туралы сөз болады. Бұл, М.Шоқайдың ойынша, көшіріліп басылған материалда қазақ жеріндегі ашаршылықтың себебін жұтпен, 1920 жылдың қатал қысымен және бірнеше жыл қатарынан шөл шықпау сияқты табиғи апатпен түсіндірген. Ал Мұстафа Шоқайдың өзі 1918 жылы бүкіл жаз бойы және 1918-1919 жылғы қыста Торғай, Орал және Закаспий облыстарында қазақтардың ортасында болып, көзімен көргенін айта келе, мақаланың 99 пайызы советтік цензураның жұмысы екенін атап көрсетіп, аштықтың қазақ ауылдарындағы негізгі себебі «қоғамдастыру»,

тәркілеу» мен қазақ шаруаларының малдарын Қызыл Армияның пайдасына тартып алу деп түсіндіреді. Қорытындыда Ахмет Байтұрсынұвтың өзі туралы былай деп жазған: «Ол – әйгілі қазақ жазушыларының бірі. Ол қандай лагерьді жақтаса да, біз, қазақ зиялылары, оның көзқарасының мөлдір екеніне күмән келтірмейміз». Осылай тек ашаршылық тақырыбын ғана сөз етіп қоймай, сонау Францияда жүріп Алаштың айрықша ардақтысына деген өзінің ерекше ықыласын да танытады. 1919 жылдың 12 ақпанында Ташкентте өткен Жоғарғы революциялық совет пен Түркістан Республикасының ОАК отырысында жасаған баяндамасында «Ашаршылықпен күрес комиссиясының» төрағасы Т.Рысқұлов мұсылман жұртшылығынан аштыққа ұшырағандар бір миллион, ал есепке алынбағандар бұдан да көп» деп мәлімдеген. 1923 жылғы 31 наурыздағы «Последние новости» газетінің №904 санында жарық көрген «Түркістандағы аштық» («Голод в Туркестане») атты мақала 1921 және 1922 жылдары Ферғана облысындағы аштық туралы хабарлар бере отырып, оның себебін егін егетін жерлердің азайып кетуімен, мал

басының кемуімен түсіндірген. Аштыққандарға Ресей тарапынан еш көмек жоқ. Жергілікті жерлерде мүмкіндігінше асханалар ашылып, көмек көрсетілуде. Алайда бұл мардымсыз. Мақала соңында егістік жерлердің елеулі қысқаруы, егіннің егілмей қалуы, су жүйелерінің жарамсыздығы, мал басының кемуі, тұқымның жетіспеуі, мұның үстіне өте жоғары салық, міне, мұның барлығы келер 1923 жылы да аштықтың жалғасатынын байқатады деген қорытынды жасалған. 1926 жылдың 19 қаңтарында «Дни» газетінде басылған «Қырғыздардағы аштық» («Голод у киргизов») атты мақаласында Мұстафа Шоқай Ташкенттен Сырдария облысының ашаршылыққа тап болғаны туралы ашаршылыққа тап болғаны туралы мағлұмат берген. Егін егуге жарамды жердің жетімсіздігі, судың кемістігінен тиісті өнімнің болмауы туралы шағымдар жасалғанын, жағдайды білуге міндетті мемлекеттік статистикалық басқарма Сырдария облысында астық бітік, тіпті артық болды деп өтірік ақпарат берген. Осындай мәліметтерге сүйенген Қазақстан өлкелік партия комитетінің хатшысы Голощекин Сырдария облысы сегіз миллион пұт астық береді десе, ал «Еңбекші қазақ» газеті шындығында осында көлемдегі астықты сырттан әкелу керек болып тұр деп жазған. Осылардың барлығын айта келе, Мұстафа Шоқай егіннің болмай қалуына толықтай кеңес өкіметі жауапты емес шығар, дегенмен жұртшылық егінді уақытылы жинап алуды күні бұрын өтінгенде, шаралар қолданбауына кінәлі деп түйіндейді.

Кеңес өкіметінің экономикалық саясатында да сыңа алып, Мұстафа Шоқай мұның саяси астары Түркістанның тәуелсіз өмір сүру мүмкіндігін біржола жою екенін, оны Ресейдің шикізат көзін айналыруға бағытталғанын көре білді. Орталық үшін қажет мақтаны зорлап екікізіп отырғанын айтып, Өзбекстан мен Түркістандағы ашаршылықтың мәнді бір себебін дәнді дақылдар егетін жерлердің мақта егісіне берілгенін түсіндіреді.

Мұстафа Шоқайдың ашаршылық туралы жазған шағымдарының ішінде өзінің маңызымен ерекше орын алатын «Түркістандағы Совет өкіметінің ашаршылық саясаты» («Тұрар Рысқұловтың куә болуы») («Голодная политика

советской власти в Туркестане» («Свидетельство Тұрар Рысқұлова») атты еңбек. Бірақ мұның қашан жазылғаны белгісіз. Дегенмен Тұрар Рысқұловтың «Революция және Түркістанның тұрғын халқы» («Революция и коренное население Туркестана») деген еңбегі Ташкентте Өзбек мемлекеттік баспасынан 1925 жылы жарық көргеннен соң көп ұзамай жазылған сияқты. Өйткені мұндай еңбекті Мұстафа Шоқай – табиғатында кейінге қоймайтын қайраткер публицист. Мақалада 1891 жылы Ресейді өте күшті ашаршылық жайлағаны, орыс өкіметі онымен күресуге дәрменсіз болғаны, содан зордан жеке қоғамдық ұйымдар ашаршылыққа ұшырағандарға көмек беруіне келіседі. Мұстафа Шоқай атап көрсеткендей, барлық уақытта және барлық жүйеде орыс өкіметі орыс халқының зиялы қауымын халыққа жақын жібергісі келмеді. Интеллигенция ішінде де ашаршылыққа ұшыраған, көпшілікке көмек көрсетуге қарсы шыққандар болды дейді. Олар ашаршылықты Түркістанда кеңес өкіметін орнатудың құралы ретінде қарады. Астық та, оны әкелетін теміржол да, армия да қолында болған совет өкіметі көзге көмекке кедергілер келтіріп отырған. Бұл мұсылман қауымын жою үшін және Түркістанда өз үстемдігін орнатуға оның қарсы тұру мүмкіндігінен айыру үшін жасалған. Мұстафа Шоқай осындай ресми мәліметтеріне сүйене отырып, Түркістан мұсылмандары арасында ашаршылықты совет өкіметінің өзі ұйымдастырды деген қорытындыға келеді. Мұндай тұжырымдарды большевиктер теріске шығаруға тырысты. Алайда Мұстафа Шоқай бұған мынадай жаңа мәлімет ұсынады. Бұрынғы Түркістан совет үкіметінің басшысы, сол кезде РСФСР халық комиссариаты төрағасының орынбасары Тұрар Рысқұлов 1918-1919 жылдарда сөйлеген сөздері мен баяндамаларының басты-бастысын арнайы жинақ етіп шығарған. Осы кітапта жазылғандай, «Түркістандағы қазан төңкерісіне еңбегі сіңген басшыларының бірі Тоболон ТүроАК-нің бір отырысындағы былай дейді: «қырғыздар (қазақтар), марксистер көзқарасы бойынша экономикалық жағынан әлсіз, сондықтан олар бәрібір өлуі керек, сол себепті революция үшін қаржыны ашаршылықпен күреске емес, майданды қолдауға жұмсағанымыз тиімді». Мақалада Тұрар Рысқұловтың Жоғарғы революциялық кеңеске – ТүроАК-не өлке халқының жартысы аш, бірақ кеңес өкіметінің жергілікті органдары аштықпен күресу ісіне жанашырлықпен қарамайды, сол себепті аштықпен күресу үшін халықтың мүлкіті топтарына салық салу туралы жарлық жариялауды ұсынығаны айтылады. Алайда Түркістандағы кеңес өкіметінің жоғары органдары бұл ұсынысқа жанашырлық танытып, тиісті қолдау көрсетпеген. Өзінің көзімен көргендерді және Рысқұловтың сұрақ-жауаптарында, тағы басқа көтерген мәселелерді талдай отырып, Мұстафа Шоқай мынадай қорытынды жасаған: «1918-1922 жылдардағы ашаршылық совет үкіметінің Түркістандағы мұсылман жұртшылығымен күреске әлеуметтік одақтасы және құралы болды».

Сонау Францияда тұрса да, Мұстафа Шоқайға өлке жағдайынан өте мазасыз және үрейлі мәліметтер, халыққа аштық қаупінің нақты төнуі туралы түрлі дерек жетіп жатты. Сондай материалдың бір тобы «Түркістанға ашаршылық төніп тұр» («Туркестану угрожае голод») атты мақалаға негіз болған. Кеңестік Өзбекстан, Қазақстан басшыларынан алынған деректер арқылы төніп келе жатқан аштық апатының ауқымы көрсетілді. Осыларды жаза отырып, автор тек Мәскеу билігінен құтылғанда ғана Түркістан түріктері өз елінің қожайыны бола алады деген пікір білдіреді. Ал келесе түскен мәлімет бойынша Ақмола уезі түгел аштыққа ұшыраған, ашыққандар

даланы кезіп қолға түскен мысық, иттерді жеуге мәжбүр болған. 1922 жылдың наурызында белгілі қазақтың қоғам қайраткерлері (аттары аталмаған) Орталық кеңес үкіметінен жардем етуін, «Көмек комитеті» құруға рұқсат беруін сұраған. Өтініштеріне жауап ала алмағаннан соң, олар ашыққандарға көмек ұйымдастыратын жергілікті комиссиялармен біргесіп, көмек жинауға елеулі үлес қосады. Ал үкімет жауаптың орнына Ресейден шетелге экспортқа астық жіберіп жатады. Бұл мәліметтер 1924 жылғы 5 шілдеде «Дни» газетінде жарық көрген «Аштық» («Голод») деген мақалада жазылды.

1924 жылғы 5 шілдеде «Дни» газетінде жарияланған «Ұлттық мәселе зертханасы» («Туркестан тәжірибелерінен») («В лаборатории национального вопроса») («Из туркестанского опыта») деген мақалада бірден «кеңес эксперименттерінің» нәтижесінде Түркістанда 1917 жылдың 1 маусымында 8084700 адам болса, 1922 жылы бұл көрсеткіш 5029512-ге төмендегені келтірілген. Бұдан әрі мақалада советтік баспасөздің өзі мұсылмандардың өліміне (ресми аштыққа көмектесуден бас тарту, қатыгез құдалау) кінәлі деп көрсеткендер мүлдем жазасыз қалды немесе Түркістан шегінде тиімді орындарда орналасып деген мәліметтерді зертхананың сәтсіз «тәжірибелері» деп аталған.

Мұстафа Шоқайдың Түркістандағы ашаршылық туралы мақаладағы Еуропаға ғана емес, басқа шетелдерге де белгілі болады.

“

«Ашаршылықпен күрес комиссиясының» төрағасы Т.Рысқұлов мұсылман жұртшылығынан аштыққа ұшырағандар бір миллион, ал есепке алынбағандар бұдан да көп» деп мәлімдеген

Парижде келген бойда Мұстафа Шоқайдың қарқынды публицистикалық қызметі, Түркістандағы большевиктердің озбыр саясатын барынша сынап, шынайы шындықты бетпердесін ашқан осындай материалдары кеңес көсемі И.Сталинге жетіп жатты. Әйтпесе ол 1925 жылдың 29 мамырында РКП (б) Қырғыз (Қазақ) өлкелік комитетінің бюро мүшелеріне «Ақ жол» газетінің қайта құру туралы жолдаған хатында «ақтардың шылдар баспасөзінде белгісіз емес» Мұстафа Шоқай туралы былай деп жазба еді: «Біз өкіметті, жастарды саяси және идеологиялық тәрбиелеуді партияда жоқ буржуазиялық интеллигенттерге табыстау үшін алғанымыз жоқ. Бұл шайқас толығымен және еш қалдықсыз коммунистердің пайдасына шешілуі қажет. Олай болмаған жағдайда, Қырғызстанда (Қазақстанда – автор) шоқайшылардың жеңіске жетуі әбден мүмкін. Ал бұл Қырғызстандағы (Қазақстандағы – Ә.Б.) коммунизмнің идеологиялық және саяси күйреуімен теңбе-тең».

Осындай мақсатты ұйымдастырылған, халқымыздың миллиондаған перзентінің ғұмырын жұтқан, олардың келешегін де қиған, зардаптары халық жадында мәңгілік қалған ашаршылық – сонау Ресейдің отарлық дәуірінен бастау алған, қоғам мүшелерін тапқа бөліп, бірін-біріне қарсы қойған советтік-тоталитарлық жүйенің сипатынан күшейе түскен саяси-әлеуметтік құбылыс. Сондықтан Түркістандағы ашаршылық совет үкіметінің 1930 жылдары жолдан тауып алған «дүниесі» емес, оның жеке билікке негізделген саяси табиғатынан туындағанын ескеру қажет. Ал жеке билік ешуақтықта жақсылыққа жетелей алмаған. Бұған мемлекеттер тарихынан сан мысал куә бола алады.

Әбдіжәлел БӨКІР,  
саяси ғылымдар докторы,  
профессор

Қазақстанның Халық әртісі, профессор Тілектес Мейрамов – актер ретінде ғана емес, режиссер, аудармашы, ұстаз ретінде де театр өнерінің өрлеуіне үлкен үлесін қосып келе жатқан тұлға. «Хас сұлудың көз жасындай мөлдір өнердің» (Ғабит Мүсірепов) өз адамына айналғанына да жарты ғасырдан асты. Әйгілі әртис мерейлі 75 жасқа келіп отыр. Әріптесі, белгілі театр және кино режиссері Талғат Теменов айтпақшы, осы жасқа ол «ешкімге жар салмай, айқайламай, аттандамай» жетті.

## ТЕАТР ӘЛЕМІНІҢ ТІЛЕКТЕСІ

Аманғали  
ҚАЛЖАНОВ

ТОҚПАНОВТЫҢ  
ТОҚПАҒЫ,  
ШОЛПАННЫҢ ШУАҒЫ

Бала арманы әнші болу еді. Жалпы жүрегі сол кезден өнер деп соқты. Алайда ата-ананың, ағайындарының қалауы басқа да еді. Оларға қарсы келмеген жасөспірім Тілектес жаны қаламаса да, Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтына оқуға түсті. Үш айдан кейін тастап кетті. Келесі жылы әкесі Уахит Қарағанды политехникалық институтына алып келді. Емтиханға кіргелі отырғанда қолына облыстық «Орталық Қазақстан» газеті түспесі бар ма. Басылымнан «Сәкен Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық театры жанынан ашылатын студияға қабылдау басталады» деген хабарландыруды оқып, қолындағы «Геометрия» оқулығын қақ бөліп жыртты да, сонда тартты. Комиссия мүшелері көзіндегі ұшқынды, талантты байқаған болуы керек, бірден оқуға қабылдады. Осылайша қазақ бір инженерін жоғалтып, есесіне бір тамаша әртиске ие болды.

Студияны тәмамдағаннан кейін Алматыға аттанды. Құрманғазы атындағы театр және кино институтында ұстаздары, қазақ сахнасының саңлақтары Асқар Тоқпановтың тоқпағынан өтіп, Шолпан Жандарбекованың жылы шуағына шомылды. Шолпан Исабекқызы ішінде Тілектес бар төрт-бес шәкіртін қара шаңырақ Әуезов театрына алып келді.

ҚОЗЫДАН АБАЙҒА ДЕЙІН

Кәсіби сахнада сомдаған алғашқы бейнесі – Ғ.Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш–Баян сұлу» спектакліндегі Қозы. Бұл қойылымды қазақ театрының реформаторы Әзірбайжан Мәмбетов сахналады. Осылайша Қозы болып жарқ етіп, Ақан сері, Бірсімбай, Жарас, Еркін, Тоқпаев, Вальтер, Жантай сияқты әр жанрдағы күрделі бейнелерді өзіне ғана тән мәнермен алып шыға білді. Жалпы Тілектес Мейрамов Әуезов театрында отыз жыл еңбек етіп, 100-ден аса кейіпкерді сомдады.

Сонда Әзірбайжан Мәмбетов, Есмұхан Обаев сынды шеберлердің мектебінен шыңдалып шықты. Сахна саңлағы Әнуар Молдабековтен кейін Войницкий, Жантық, Керім бейнелері Тілектес Мейрамовқа берілуі де тегін емес. Мұндай сүбелі бейнелердің қатарына Шыңғыс хан, Жәңгір хан, Еділ патша, Бедел, Сорин, Бектер, Антоний рөлдерін де қосуға болады.

Қамал алар жасында Мәдениет министрлігі театр бөлімінің жетекшісі қызметіне шақырылды. Жаңа ғасыр келгенде алты жыл Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрының директоры-көркемдік жетекшісі болды. Осы ұжымды басқарған жылдары театр ұжымы халықаралық фестивальдердің екі дүркін бас жүлдегері атанып, Қазан қаласында өткен халықаралық «Түрксой» фестивалінде ерекше ықпалға бөленді. Бірақ министрлікте де, театрда да басшылықта жүргенде сахнадан қол үзбеді, өзіне тиесілі рөлдерді сомдады.

Былтыр Астана қаласының «Жастар» театры өзінің 15 жылдығын атап өтті. Біреу білер, біреу білмес осы өнер ошағының басында да Тілектес Мейрамов тұр. Бұл театр ашылғанда төрт жыл оның көркемдік жетекшісі қызметін атқарды. Одан кейін Қ.Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық-драма театрына қабылданып, күні бүгінге дейін осы театрда жұмыс істеп жүр.

Осы күндері театр тәлімгері, тіпті ақылшы ақсақалы десек те жарасады.

Бұл жылдары астаналық театр сахнасына сан алуан образдарды алып шықты. Атап айтқанда, Ғ.Мүсірепов «Қозы Көрпеш–Баян сұлу» – Қарабай, Е.Жуасбек «Анти-вирус» – Асан, Т.Джодженоглу «Көшкін» – ақсақал, Ғ.Мүсірепов «Ақан сері–Ақтоқты» – Науан, М.Әуезов «Абай» – аға Абай, Р.Отарбаев «Көлеңкесіз жолаушы» – әке, Д.Рамазан «Абылай ханның арманы» – Төле би, Ж.Ануи «Жалын жұтқан Жанна д'Арк» – Кошон, В.Ежов «Тыраулап ұшқан тырналар» – Лукьянов, Р.Сейсенбаев «Майдан әндері» моноспектаклі – Садыр, У.Шекспир «Отелло» – Бранцио, Ф.Бордон «Қардағы көгершіннің ізі...» – Ол, А.Вампилов «Ақ жауын» – Сәкен Тауасаров, Х.Алтай, Х.Оралтай «Алтайдан ауған ел» – Халифа Алтай.

ӘДЕБИ-  
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ  
ӘЛЕМІ

Тілектес Мейрамов театр және кино саласындағы еңбегімен қатар әдеби-шығармашылық жұмыстармен де айналысады. Актер мамандығымен қатар Қырғыз мемлекеттік Б.Бейшеналиев атындағы өнер институтында оқып, режиссер мамандығын игерді. А.Гельманның «Бәрімен оңашада», Н.Абдуллоевтың «Әке», И.Вовнянконың «Стриптизердің өлімі» пьесаларын қазақшала,



Тілектес Мейрамов қазақ театрында кенже қалып келе жатқан моносспектакль жанрын алғаш қолға алғандардың бірі болып, Ғ.Мүсіреповтің «Ақан сері–Ақтоқты» трагедиясын, Р.Сейсенбаевтың «Майдан әндері», Н.Гогольдің «Жындының жазбалары» әңгімелерін, У.Шекспир, А.Грибоедов, Ғ.Мүсірепов шығармалары бойынша дайындалған «Ақылдан азап» спектакльдерін жалғыз орындап шықты.

І.Есенберлиннің «Ғашықтар», Ш.Айтматовтың «Ғасырдан да ұзақ күн» романдарын, Р.Отарбаевтың «Дуниегайып» повесін, О' Генридің «Үндістердің көсемі» әңгімесін сахнаға, ал М.Әуезовтің «Абай жолы» романын телеарнаға лайықтап инсценировкалар жасады.

Тілектес Мейрамов қазақ театрында кенже қалып келе жатқан моносспектакль жанрын алғаш қолға алғандардың бірі болып, Ғ.Мүсіреповтің «Ақан сері–Ақтоқты» трагедиясын, Р.Сейсенбаевтың «Майдан әндері», Н.Гогольдің «Жындының жазбалары» әңгімелерін, У.Шекспир, А.Грибоедов, Ғ.Мүсірепов шығармалары бойынша дайындалған «Ақылдан азап» спектакльдерін жалғыз орындап шықты.

Құрманғазы атындағы театр және кино институтында алған мамандығы – кино және театр актері. Бірақ кинодан көп көрінбеді. Ең алғаш рет 1979 жылы «Күміс мүйіз Алатау» фильмінде Базарбай бейнесін сомдады. Одан кейін «Үш күн мереке» киносында эпизодтық рөлден көрінді. «Әбілқайыр хан» фильмінде Барақ сұлтанды кейіптеді. Қазақстан мен Моңғолия бірігіп түсірген «Атқыш Хомучи», «Жерұйық», «Сіздерге дәрігер Ахметова келе жатыр» фильмдерінде ойнады. «Көшбасшы жолы» кинооперасының «Отты өзен» және «Теміртау» бөлімдерінде мемлекет қайраткері Бәйкен Әшімовті кескіндеді. Кино өнерінде ең есте қалатын бейнесі – «Жажүрек мың бала» фильміндегі Назар.

ЖАРТЫ ҒАСЫРЛЫҚ  
ҰСТАЗДЫҚ ЖОЛ

Қазір Тілектес Мейрамов театрдағы қызметімен қатар Қазақ ұлттық өнер университетінде еңбек етеді. Осы оқу

орнының «Театр және кино, ТД» факультетінің «Актерлік өнер және режиссура» кафедрасының профессоры. Жалпы ұстаздыққа ерте келді. Әуезов театрына актер болып қабылданғанына екі жыл болғанда театр жанындағы актерлік студияға Сәбит Оразбаевтың ассистенті қызметіне шақырылды. 1983-2007 жылдары Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының оқытушысы, аға оқытушысы, доценті, профессоры болды. Биыл ұстаздық қызметіне де тура 50 жыл толып отыр. Шәкірттері де өте көп. Соның ішінде Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Бауыржан Ибрагимов, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Данагүл Темірсултанова, Бекжан Тұрыс, Меруерт Түсіпбаева, Ғани Құлжанов, Нұркен Өтеуілов, Кеңес Нұрланов, Жұмағали Маханов есімдерін атап өтуге болады.

МӘСКЕУ ДЕ МОЙЫНДАҒАН

Тілектес Мейрамовтың өнердегі жетістіктеріне тоқталсақ, осыдан отыз жыл бұрын И.Ғайыптың «Шыңғысхан» спектакліндегі Шыңғысхан бейнесі үшін «Үздік ер адам рөлі» аталымын жеңіп алды. 1996 жылы «Қазақстанның халық артисі» құрметті атағына ие болды. 2004 жылы Ғ.Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш–Баян сұлу» спектакліндегі Қарабай бейнесіне «Үздік ер адам бейнесі», 2012 жылы Орал қаласында өткен Ә.Мәмбетовтің 80 жылдығына арналған Қазақстан драма театрларының XX республикалық фестивалінде Ғ.Мүсіреповтің «Ақан сері–Ақтоқты» трагедиясындағы Науан бейнесі үшін «Ең үздік ер бейнесі» жүлдесін алды. Ал 2015 жылы ХІІІ халықаралық «Золотой Витязь» театр форумында (Мәскеу) «Тыраулап ұшқан тырналар» лирикалық драмасындағы полковник Лукьянов рөлі үшін «Золотой Витязьдің алтын дипломанты» атанды.

Театр өнеріне асқан жауапкершілікпен қарайды. Өз ішіндегі сыншысы да мықты. Мәселен, Ф.Бордонның «Қар үстіндегі көгершіннің ізі» пьесасын аударып, бас кейіпкерді өзі ойнап шықты. Бес жыл бұрын бенефисін де осы спектаклімен өткізді. Алайда кейін кейбір сәтін көңілі толмай, өзі өтініп репертуардан алғызып тастады. Кейінгі аударғаны – француз драматургі Ф.Зеллердің «Әке» пьесасы. 75 жылдығын осы қойылыммен атап өтпек. Бұйырса, биылғы күзде көрермен осы спектакльді көріп қалар. Театр әлемінің Тілектесі мұнымен тоқтамайды деп ойлаймыз. Талғат Теменов оны «Үндемес» деп атайды. Режиссер осындай мақала да жазды. Тілектес Мейрамов, шындығында да, үндемей жүріп, қыруар іс бітіріп жүреді. «Талант – қарапайымдықта» дейді, актердің болмысы осы сөздің ақиқаттығына тағы көз жеткізеді.

## ДОСТОЕВСКИЙ ШЫҒАРМАСЫН САХНАЛАДЫ

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, әнші, актриса Айгүл Иманбаеваның «А.И. театры» тағы бір жаңа қойылымның премьерасын өткізді. Ф.М.Достоевскийдің «Кроткая» атты повесі желісінде қазақ тіліне аударылып қойылған «Момындардың зынданы» қойылымының тұсаукесері елордада Ә.Мәмбетов атындағы мемлекеттік драма және комедия театрында кесілді. Премьераға елорда жұртшылығы және өнер мен әдебиет, қоғам қайраткерлері қатысты.

Райхан  
РАХМЕТОВА

Психологиялық драманың қоюшы-режиссері – Санкт-Петербург қаласынан келген Ринат Қияков, қоюшы-суретшісі – Алан Саймин, хореограф – Альфия Агишева, дыбыс режиссері – Жұлдыз Телғожаева. Ұзақтығы 1 сағат 40 минутқа созылған камералық қойылымның премьерасы басталар алдында театр директоры Айгүл Иманбаева кіріспе сөз айтты.

– Бұл – өмірдегі үлкен ма-

хабатынан қайғылы жағдайда айырылған бас кейіпкердің рухани қайта түлеуін зерттеу шығармасы. Бізді мазалайтыны – Достоевскийдің туындыларындағы жиі көтерілетін мәселе: неге адамдар құндылығын түсіну үшін қолында бар ең қымбатынан айырылуы керек? Спектакльдегі бас кейіпкер де дәл осылай үлкен қайғыдан кейін рухани тазарып, қайта туған. Шын сүю мен сезімнен күйдің арасы бір-ақ қадам. Шығарманың бас кейіпкері өз асылын мәңгілікке жоғалтқанда ғана рухани түлеуді

бастан кешіреді. Бұл камералық қойылымды 4 адам ғана ойнайды. Актерлер – өзіміздің шәкірттеріміз, – деді театр басшысы.

Драмалық қойылымда ойнаған жас актерлердің шеберлігіне сөз жоқ. Дегенмен шығарма идеясын жеткізуде режиссерлік жұмысты әлі де жетілдіру қажеттілігі байқалды. Биыл құрылғанына 13 жыл толатын театрдың тағы бір жақсы жаңалығы – осы жылы 5-11 маусым аралығында ұжымның Татарстанның Қазан қаласында жылда өтетін халықаралық



Наурыз фестиваліне қатысуға жолдама алуы. Қазақстаннан баратын біраз мемлекеттік

театрлар қатарында «А.И. театры» да табылып, өнер ұжымы бұл фестивальде А.

Чеховтың «Шие бағы» шығармасының желісінде қойылған «Бақ» спектаклін сахналайды.

Менің алдымда белгілі журналист, көрнекті ғалым-ұстаз, қазақ мәдениетін зерттеуші, ақын Сағатбек Медеубекұлының жақында «Ан-Арыс» баспасынан шыққан «Оразай» атты тарихи дастаны. Есімі маған жиырма жылдан бұрын таныс қаламгердің жаңа кітабын қызыға оқи бастадым.



# ТАРИХИ ДАСТАН – ТАҒДЫРЛЫ ШЫҒАРМА

Сағатбек Медеубекұлы – аты аңызға айналған тарихи тұлғалар көп шыққан Аспантау өлкесінің тумасы.

Ол ұзақ жыл тау асып, тас басып жүріп жоғалуға айналған халық мұраларын жинады. Қожеке, Мергенбай, Сыбанқұл, т. б. секілді күйші-домбырашылардың; Шалтабай, Сәдіғожа, Қапез, Ырыскелді, т. б. секілді өңші-сазгерлердің; Құлмамбет, Мейірман, Бөлтүрік, Көкек, Жүсіпбекқожа, т. б. сияқты ақын-жыршылардың; Қожбанбет, Арықбай, Қашаған, Оразай, т. б. сынды би-шешендердің өмірі мен шығармаларын түгелдей жүріп, қазақтың ұлттық құндылықтарының жоқтаушысы, зерттеушісі ретінде республикамызға және жақын шетелдерге танылды.



Ал енді сөзімізді қысқа қайырып, қаламгердің «Оразай» атты тарихи дастанына қарай ат басын бұрайық.

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін төл тарихымызды жинауға, зерттеуге, жазуға мүмкіндік туды. Дана халқымыз «Халықсыз тарих, тарихсыз халық жоқ» деген сөзді тектен-тек айтпаған. Ел тарихын қайта түгендеп еткен автордың «Оразай» атты тарихи дастанында әйгілі Қарқара жайлауында өршіген 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының бірі болған Оразай Қожагелдіұлының (1866-1927) бастан кешкен ауыр тағдыры арқау болады. Аталған шығарма «Сөзбасы», «Қара қылыз қажарған», «Аттан, қазақ!», «Сөз соңы» секілді төрт бөлімге бөлініп жазылған.

Автор бұл дастанында ел қормалы Оразай би әрі болыстың ат ауыздықпен су ішкен, ер басы мен ат басы саяда қалған ауыр заманда Ұзақ, Жәмеңке, Діқанбай, Жаңабай, Әубәкір, Бекдайыр, Біләл, Нүке, Жайшыбек, т. б. ел көсемдерімен тізе қоса отырып, Ресей патшалығының қазақ даласына жүргізген зұлым саясатына ашық қарсы тұрған ұлт-азаттық көтеріліс кезіндегі ерлікке пара-пар әрекеттері, қолбасшылық қайраткерлігі, қанды қырғынның ортасынан елін аман-есен арғы бетке өткізгені, ондағы қиын-қыстауда жұртының бас амандығы үшін басын бәйгеге тіккені, азып-тозған бүкіл босқының өз Отанына оралуына көрсеткен қажыр-қайраты, сонымен бірге, ел адамдарының қысталған кезіндегі қайғы-қасіреті мен мұң-шері, қайсарлығы жан-жан шерттеп жазылған.

1917 жылғы қазан төңкерісі патша өкіметін аударып тастап, кеңес өкіметін құрды, бұл қазақ халқы үшін бақ емес, бұрынғыдан да зор сор әкелді. 1916 жылғы атамекеден тастап шетел асып қашқан ел қайтадан туған жеріне оралып, жаңа құрылған өкіметтен үлкен үмітпен жақсылық күткен еді. Бірақ кеңес өкіметінің

зұлым саясаты барған сайын күшейіп, елге оралған би-болыс, зиялыларды, атқа мінер белсенділердің астыртын көзін жоғалтып отырды.

Сағатбек Медеубекұлының бұл тарихи дастаны – Оразай би секілді аумалы-төкпелі заманда жасаған ел қорғалмының өмір жолындағы күрестері ұлт тарихымен ұштастыра сөз етілген тағдырлы шығарма. Қаламгердің Оразай туралы жазған мына деректеріне назар салайық: «1927 жылғы ел жайлауға көшіп бара жатқанда Оразайды НКВД аяқасты шақырып сұраққа алады. Ортадағы әңгіме екі жаққа да ұнамайды. Сұрақтан ашығып көшке ілесіп келе жатқанда, Екіашаның кіреберісіндегі сайдың аузына келгенде кенет қатты ауырып, көпті тоқтатып, арнайы үй тіктеріп, сол жерде елімен арыздасты».

Тарихта зұлымдығымен аты қалған Ресей патшалығы да, қылышын қан тамған кеңес өкіметінің де ел үшін еңіреген ерлерге құрығы өте ұзын болған. Босқын болып Қытайға қашып өткен Жүсіпбекқожа Шайхысламұлы, Көкек Маралбай, Әсет Найманбайұлы секілді ұлы тұлғалардың да өлімі бейне Оразай болыс сияқты жұмбақ болып қалған.

Екі ел қазағына аты танымал би әрі болыс Оразай қайтыс болып, бір жылдан кейін үлкен ас беріліп, жыр дүлдүлі Көкек Маралбай «Оразай болысты жоқтау» атты көлемді дауыс жазған. Бұл жоқтауды Айтуған Кедекұлы 1944 жылы Оразай бидің баласы Дәуітбектен жазып алған.

Қазақ халқы басынан қилы-қилы, алмағайып тар заманды өткізді. Сонау 1916 жылғы Аспантау елі жайлаған өлкеде күлді қазақ даласын дүр сілкіндірген әйгілі тарихи оқиға «Қарқара көтерілісі» болды. Халқымен тағдырлас, жұрт тізгінін ұстаған би-болыс, жақсы-жайсаңдар ел тұтастығы мен жер тұтастығы үшін аянбай күресіп, орыс отаршыларына барынша қарсы тұрды. Сол кезде халық арасында көтеріліс көсемдері айтқан: «Берсең бала өледі, бермесең шал өледі, бала өлгенше, шал өлсін» деген қанатты сөз қалған. Сол ел басына ауыр күн туғанда халқының тағдырына қабырғасы қайысып енірген тұлғалардың бірі

Оразай еді. Өз дәуірінің жыр жүйрігі Бөлтүрік Атыханұлы:

Елімде жақсы кісі Оразайым,

Жаннан артық жартқан бір Құдайым, – деп ел ішіндегі Оразай бидің беделін жоғары бағалаған еді.

«Жемісті ағаш иіліп тұрады» дейді дана халқымыз. Ұлттық журналистика саласында, тарих, салт-дәстүр, қазақ мәдениетін танауда өзіндік биікке көтерілген білікті ғалым Сағатбек Медеубекұлының «Оразай» атты тарихи дастанынан мынандай ерекшеліктерді байқауға болады:

Бірінші, «Оразай» атты тарихи дастанның мазмұны, көтерген идеясы, шығарма құрылысы, тіл саптау шеберлігі, тереңдігі мен кемелдігі жан-жақты зерттеп жазылған сәтті туынды деп айтуға әбден болады.

Екінші, тарихи дастан ел ішінде таралған ауызша айтылған әңгімелер негізінде жазылған секілді болғандықтан, Оразай бидің образын шеберлікпен сомдаумен бірге әр бөлекте «Әлқиссадан» басталған шұрағаттық деректерді бірлестіре отырып, 1916-1932 жыл аралығындағы үркінге, ашаршылыққа ұшыраған Аспантау елінің арғы жағы мен бергі жағында жасап жатқан бір тайпа елдің қанды тарихындағы шешерісін толыққанды етіп жазған шоқтығы биік шығарма.

Үшінші, тарихи дастанның соңғы бөлімінде Оразайға дейінгі және кейінгі қазақ елінің басынан кешкен ұлтсыздандыру кезеңі құжаттық нақты деректермен сабақтастыра өріліп, алғашқы бөлімдердің заңды түйіні ретінде бүгінмен сәтті ұштастырылған да, асқақ рухпен қорытыңдыланған.

Төртінші, кез келген қаламгер тарихи шығарма жазба бермейді, оған қажырлы ізденіс, үлкен талант керек. Автор «Оразай» атты тарихи дастанында Оразай бимен замандаш көптеген тарихи тұлғаның өмірін сенімді мәлімет беріп, ғасырлар қатпарында қалған көмексіз тарихтан сыр шертіп, оқырманын өзіне баурап отырады. Ғалым-ұстаз Сағатбек Медеубекұлының ғылымға адалдығы тарихи дастанында пайдаланған әдебиеттердің, өлеңдердің, қанатты сөздердің авторлары анық жазылған, қиянат ету болмаған.

Беделді ғалымның оқырман қауымға ұсынып отырған бұл шығармасы кемелділік пен кеменгерлік ұштасқан құнды кітап деп ауыз толтыра айтуға болады. Кітаптың ендігі төрешісі – қалың оқырман қауым...

**Нұрлан СӨРСЕНБАЕВ,**  
**Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,**  
**әдебиет зерттеуші**

Қазіргі таңда уақыт өткен сайын адам дүниетанымын айқындайтын тың ғылыми болжамдар дүниеге келуде. Әсіресе, оған себеп, жананда болып жатқан ғылыми, психологиялық, әлеуметтік процестер негізінде сандық технологияның өмірге жаңа қырынан келуі дер едік.

# САНДЫҚ ҒЫЛЫМНЫҢ ЗЕРДЕСІ

### немесе сюцай ілімі туралы не білеміз?

туыстық байланысты үзеді. Сондықтан адам өзінің жан дүниесіне жанашырлықпен қарауы қажет. Шынығында, Омар Жәлелдің бұл пікірімен келіспесе болмайды. Олай дейтініміз, қазақ халқында қасиетті саналатын көптеген сан бар. Олардың қатарына 3, 5, 7, 9, 40

жаров дүние жүзі бойынша сюцай ғылымының негізін қалаушы ретінде әлемге танымал. Осы саладағы ұлағатты ұстаз халықаралық деңгейдегі білікті маман, комплементарлық медицина профессоры ретінде адамдарды психологиялық сандық ғылымға үйретуде. Сюцай



Осы орайда біздің қоғамда көпшіліктің назарын өзіне аударып отырған – сюцай ілімі. Ол – XXI ғасырдағы психологияны зерттейтін сандық ғылым. Әр санның артында адам тағдыры тұрады екен. Сондықтан сандарды сөйлету арқылы өміріңіздің бұралаң жолдарын түзетіп, жаңа да жақсы бағытқа бет бұруға әбден болады. Ол үшін әрбір санның құпиясын жетік меңгеру қажет. Сюцай ғылымында адам өмірінің философиялық деңгейіне басымдық беріледі.

Ең бастысы, адамдардың күнделікті тіршілігі, қарым-қатынасы, алға қойған мақсаты, дүниелер қозғалысы айналымындағы сандардың мәніне, энергиясына терең үңілу арқылы болжам жасалады. Елімізге белгілі ғалым, философия ғылымдарының кандидаты, сюцай мектебінен бірнеше рет дәріс алған Омар Жәлел – сюцай сандық ғылымын терең зерттеп, сандардың сырына терең үңіліп, адамдардың өмірде адаспауына, жақсылықтың даңғыл жолымен жүруіне мүмкіндік беретін бұл ілімді жетік меңгеруге кіріскен ғалым.

– Сюцай – сандық ғылым, осыған орай адамның туған күні оның қоды болып есептеледі. Ол ақыл-ойдың тәртібін және жанның дамуын зерттеуді мақсат етеді. Көпшілік сюцайды нумерологиямен салыстырады. Бұл мүлде қате. Өйткені екі жағдайда да біз сандардың адам тағдырына әсері туралы айтып отырмыз. Бірақ сюцайдың қағидалары әлдеқайда тереңірек және оны сандық психология деп атауы тегін емес, – дейді Омар Жәлел.

– Менің сюцай ғылымына қызыққаным, ол сенің ең жақын досың өзің екенін, өмір сүру өз-өзіңмен күресу деген қағиданы алға тартады. Өкінішке қарай, сенімен жақындарың әрқашан бірге бола бермейді. Ренжісу, көрелмаушылық, сатқындық, ұрыс-керіс сияқты сандар жатады. «Тал бесіктен жер бесікке» дейінгі қолданыста жүрген ырым-тыйымдар мен салт-дәстүрлеріміз осы сандармен тығыз байланысты. Қазақта 7 саны – қастерлі сан. Қазақ жеті атаға толмай қыз алыспайды. Бала өзінен бастап әкесі, атасы, бабасы, яғни жеті атасының есімін кішкентайынан жаттап өседі. «Жеті атасын білген ұл жеті жұртқа жөн айтар», «Жеті атасын білмеген жетесіз» деген аталы сөз осыдан қалған. Ал 3 саны да халқымыздың ұлттық болмысына әбден сіңіп кеткен. Мысалы, қазақ халқы ер-жігіттің үш жұрты бар дейді. Олар: өз жұрты, нағашы жұрты, қайын жұрты. Халық осы үш жұртына былай баға берген: өз жұртын күншіл, бар болса көре алмайды; қайын жұртың міншіл, қолыңның ұзындығына қарайды; нағашы жұртың сыншыл, жақсылығына сүйінеді. Міне, қарап отырсақ, адам психологиясын зерттейтін сюцай сандық ғылымы қазақтың сандық дүниетанымымен жалғасып жатқан жоқ па? Сюцайдың түп қазығы философия болғандықтан, мазмұны қазақ тарихымен тығыз байланысады. Өйткені әрбір санның өз киесі, энергиясы, мақсаты болады.

Халықаралық мектебі Ресейдің Мәскеу қаласында тіркелген.

Сюцай ғылымында тек қана сөздің энергиясы емес, әрбір әріптің сандық кодтары бар. Мысалы, дәлел ретінде әрбір адам есімінің әріптері сандармен есептеледі. Және сол цифрлық код бойынша адамның сапалық, сандық қасиеті айқындалады.

Енді біз сюцай мектебінен дәріс алған республикамыздың әр сала-сында еңбек ітіп жүрген адамдардың пікірлерін тыңдасақ.

**Зәуреш ЕРМЕКҚЫЗЫ,**  
**тарих ғылымдарының кандидаты:**

– Ұлы Абай «Мықты болсаң өзіңді жетіл көр», ал Шәкәрім атамсыз: «Адам өзін таныса Құдайын таниды, Құдайын таныса дүниені таниды» деген екен. Сондықтан сюцай арқылы сандардың сырына үңілу кісі тағдырына араша түсудің, күнделікті тіршілікте адамдарды жақсылыққа жетелеудің жолдарын жетік білуге болады. Менің түсіңгенім, нумерологияда адамның мінез-құлқы ғана айтылады. Ал сюцай өңізідің оң және теріс қасиеттеріңізді қалай дұрыс пайдалану керек, тіпті сіздің шынайы тағдырыңызың қандай екенін түсіну туралы мағлұмат береді.

**Самат ҰРМАҒАНБЕТОВ,**  
**«Center Group»**  
**құрылыс компаниясының директоры:**

– Мен екі рет Жанат Қожамжаровтан дәріс алғаннан соң, өмірдегі жұмыстағы және туыстармен болған қарым-қатынаста жіберген қателіктерімді сандық психология негізінде терең түсіндім. Мен сюцай мектебіне дағдарысқа ұшырағанда келдім. Рас, сандық психология қазақтың қасиетті сандарымен ұштастып жатқанына көзім жетті. Мысалы, «3» санын алайық. Қазақта үш арсыз: ұйқы, тамақ, құлқи арсыз деген бар. Тілімізде «үш қай-

наса сорпасы қосылмайды» деген баламалар да бар. Осының бәрі сюцай сандық психология ғылымында бар нәрселер екен. Біздің компания соңғы жылдары Батыс Қазақстанда 1 миллион шаршы метр тұрғын үй мен коммерциялық ғимарат салды. Сюцай сабағын алғаннан кейін жұмысым жанданды.

**СӨЗ ТҮЙІНІ**  
**НЕМЕСЕ**  
**АҚЫЛ-ПАРАСАТ**  
**ЖОЛЫМЕН**

Міне, сюцай сандық психологиялық ғылымнан нәр алған адамдардың ой-пікірі осындай. Мен өткен жылы, өзім философ болғандықтан, Жанат Қожамжаровтың Қырғызстанда іссапарда болған кезінде бір танысым арқылы оның лекциясын бір сағат тыңдауға мүмкіндік туды. Сол лекцияда Жанат Қожамжаров отбасы тақырыбында әңгіме қозғады. Сол оқу сабағында 10 жаңа ажырасу алдында екен. Біздің бүгінгі тақырыбымызда қаралатын мәселе отбасын қалай сақтап қалу мәселесі болғандықтан, адамдар сюцай ілімінің сандық ғылым негізіне сүйену маңызды деді ол. Мысалы, Қазақстан бойынша айтсам, 2021 жылы елімізде 48232 жаңа ажырасқан. Мұның 72 пайызы – қала халқы, ал 27 пайызы – ауыл халқы. Қазіргі кезде мейірімсіз, жүйкесі әлсіз, ұяты аз жастардың болуы өкінішті. Ажырасудың бірінші орында Астана тұр, ал ең соңғы орында – Түркістан облысы.

Қарап отырсақ, қазақтың рухын көтеретін тағы бір жол сюцай ілімі болатын түрі бар. Бүгінгі таңда кейбір адамдар мемлекет пен халық алдындағы, үй іші жақындарына байланысты және адамгершілік әлеміне қатысты өзінің азаматтық борышын біле бермейді. «Жаман әдетке жолама», «сараңдықтан аулақ жүр», «ақымдақ сенбе», «арсыздан бата алма» деген өткен ғасыр ғұламаларының өсиетін сюцай мектебі заңды түрде жалғастырып отыр. Ұлттымыздың жеті қорғаны бар: ол – ел тәуелсіздігі, экономикалық қуаты, тілі, діні, тегі, ділі (ар-ожданы мен салт-санасы, ғұрып-әдеті) және жан саны. Сюцай халықаралық академиясы осы бағытта адамдардың санасын оятып, ұлттық рухтың жоғалмауына және мейірімі аз, ұяты жоқ ұрпақтың қоғамға пайдалы болмайтын сандық код бойынша дәлелдеуде.

Олай болса сюцай ілімі – адамның жан дүниесін, өресін, ақыл-парасатын, тәнін, ойлауы мен эмоциясын қалыпта келтіретін психологиялық және педагогикалық жүйе. Сондықтан әлемді сандар мен сөздер арқылы адамзат баласы билейді емес пе. Демек, ұлы ойшылдарымыздың даналық, тәрбиелік, данышпандық қасиеттері негізінде цифрлық код бойынша сюцай ғылымы иманын ырыс, ата жолын қазына санаған нағыз озық ойлы қазак ұлттының тәрбиесіне үлес қосып жатса, оған неге бет бұрмасқа?!

**Мағжан САДЫХАНҰЛЫ,**  
**журналист,**  
**философия ғылымдарының кандидаты**



## ТЕАТР САХНАСЫНДА – ӨМІРДЕГІ ОҚИҒА

Ә.Мәмбетов атындағы Мемлекеттік драма және комедия театрында ақын Ақберен Елгезектің «Болмаған балалық шақ» повесі желісімен сахналанған әдеби шығарма аттас драманың премьерасы өтті. Спектакльдің қоюшы-режиссері – Әли Бидахмет.

**Аманғали  
ҚАЛЖАНОВ**

Қойылым авторлық баяндау тәсілімен басталып, өрбіп отырады. Өмірбаян туындысы еш қоспасы жоқ шынайы өмірге негізделген. Сонысымен тартымды болып отыр. Мұнда туған әкеден ерте қалып, нағашылардың, одан кейін қатыгез өгей әкенің қолында өскен жетім баланың аянышты өмірі баяндалады. Бас кейіпкер – ақынның бала бейнесі.

Бір айта кетерлігі, әдеби туынды араға аз уақыт салып, биыл екі театрда қатар сахналанды. Алматылықтар осы атаумен спектакльді Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрынан тамашалады. Ал астаналықтар театр реформаторының атауы берілген өнер ошағынан көріп, көл-көсір әсер алды.

Осыдан 15 жыл бұрын жазылған повесті автор шығармаларын бала кезінен сүйіп оқыған көрнекті қаламгер Бердібек Соқпақбаевтың рухына арнады. Прозаға қалам тартуының себебі – іште жиналып қалған күйзелісті шығару. Жалпы кез келген шығармашылық иесінің қиын тағдыры болмаса, құдіретті туындылардың тууы неғайбыл. Аталмыш шығарма соған тағы көз жеткізеді. Автор

Астанадағы премьерға қатысып, оны жазудағы мақсаты жайында айтты.

«Бұл – кез келген ауылда орын алуы мүмкін оқиға. Жетімдік проблемасы тек қана қазақтың емес, бүкіл әлемнің проблемасы. Сондықтан бұл шығарманы жазған кезде, бір жетім баланың қолына түссе, оның болашағы өзінің қолында болып, талпынса үлкен азамат болатынын, шуақты, жарқын өмірге жететінін білсін деп жаздым. Екіншіден, қолында жетім бала бар, жетім асырап отырған үлкен кісілер сондай баланың жан дүниесі мүлдем басқа болатынын түсінсін, оның нәзік, жараланғыш жүрегін аясын, басынан сақпап қойсын деген алдымда мақсат тұрды» деді ақын Ақберен Елгезек.

Премьерға Астана қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Жаңабай Мейірманқұлов қатысып, спектакльде әртістер еңбегін ерек атап өту керек, барлығы өзіне бекітілген рөлдерді беріле кескіндеп шықты. Бас кейіпкер, яғни бала Ақбереннің бейнесін актер Қазбек Аманжол сомдады. Бізге Ақоштың Семей полигонының зардабынан мүгедек болып қалған ағасы Данышты ойнаған актердің өнері ерекше ұнады.

**Бибігүл  
ЖЕКЕСЕНБАЙ,  
сенатор:**

– Бір күлдіріп, бір күңіреткен, көрермен көңілінің пернелерін басып, жүрегін сыздатып, көзіне жас келтірген қойылым қоғамдағы бұрынғы мен қазіргі дерттерді көрсетеді. Дөп басады. Ойландырады.

Әуел баста шығармаға арқау болған баланың ішкі, сыртқы арпалысы енді көрерменді сол сезімді сезінуге, сол ортаның арасында болуға мүмкіндік беріп отырғандай. Бір күнде әкеден айырылып, анадан тірідей жетімдік көрген, өгей әке қорлығын сезген, тауқыметті бала кезден белі қайысып көтерген Ақош – басты кейіпкер. Ақош – әдеттегі қойылымдағыдай көркем қиялдың туындысы емес, өмірде бар, ақынның өзі. Өзіміз білетін – Ақберен.

Қоюшы-режиссері Әли Бидахметтің алғашқы еңбегінің бірі екеніне қарамастан, тың тәсіл, әдемі шығармашылық қолтаңбасы, фәлсафалық қадамды айқын байқалады. Сахнаға «Москвич» көлігін айдап келу, сіркіреп жауған жауын, күн күркіреп, найзағай жарқырауы сияқты жаңа техника тәсілдерін де көркем пайдаланады. Спектакльді әсем әуенмен көркемдеген Сұлтан Тұрсынбеков те көрермен көңілінің кілтін тауып, шығарманың шынайылығын күшейте түскен. Актерлердің бәрі өз рөлін сондай шынайы сомдап, олардың актер екенін тіпті ұмытып кетесің.

Жалпы қазақ театрында өрлеу дәуірі басталғандай. Залда ине шаншар жер болмады. Бір жарым сағаттық қойылымды екі аяғынан тік тұрып көріп шыққан көрермендер – Атырау, Шымкент, Семейден дәл осы премьераны көруге келген ағайынды көріп қуандым. Қоғам мұндай шынайы дүниеге шөліркеп қалған. Ұлтты моральдық азғындықтан, сезімдік жадаулықтан құтқаратын, руханиятымызды күшейтетін осындай дүниелер көп бола берсін!



## СПОРТ

### ҚАЗАҚСТАН ҚҰРАМАСЫ ЭЛИТАДА ҚАЛДЫ

Шайбалы хоккейден Латвия мен Швейцарияда өтіп жатқан әлем чемпионатының топтық іріктеу турнирі аяқталды. Қазақстан құрамасы әлемдік элитадағы орнын сақтап қалды.

В тобында өнер көрсеткен Қазақстан құрамасы Латвия алаңдарында 6 ойын өткізді. Турнир барысында Словакия құрамасын 4:3 (буллит бойынша), Норвегияны 4:3 (буллит бойынша) және Словенияны 4:3 есебімен жеңді. Ал Канада құрамасынан 1:5, Швейцариядан 0:5, Латвиядан 0:7 есебімен ұтылды. Осы ойындардың нәтижесінде Ғалым Мамбеталиев баптайтын Қазақстан құрамасы турнир кестесінде 6-орыннан көрініп, келесі жылы әлем чемпионатының элитасында ойнайтын болды. Бір айтарлығы, бұл чемпионатқа Қазақстан құра-

масы сапына легионерлер алынбады, тек қазақстандық хоккейшілер ойнады.

Ал әлем чемпионатының плей-офф кезеңіне В тобынан АҚШ, Швеция, Финляндия, Германия құрамалары шықса, В тобынан Канада, Швейцария, Чехия және Латвия құрамалары өтті.

Енді ширек финал ойындарында АҚШ-Чехия, Канада-Финляндия, Швеция-Латвия, Швейцария-Германия құрамалары өзара кездесетін болды.

Бұл чемпионатқа Халықаралық хоккей федерациясының шешімімен Ресей және Беларусь құрамалары жіберілмеді.



### «АСТАНА» КӨШ БАСТАДЫ

Футболдан Қазақстан чемпионатының премьер-лигасында X тур ойындары өтті.

Бұл турда биыл маусым басталғалы турнир кестесін бастап келе жатқан «Қызылжар» мен екінші орындағы еліміздің алты дүркін чемпионы «Астана» кездесті. Өте тартысты өткен ойында «астаналықтар» 3:2 есебімен жеңіске жетіп, көш басына көтерілді. Осы турдағы ең есте қаларлық ойын Алматыда өтті. «Қайрат» өз алаңында биыл премьер-ли-

ғаға қайтып оралған «Қайсар» командасынан 0:3 есебімен оңбай ұтылды.

Қалған ойындарда мынадай нәтижелер тіркелді: «Ордабасы» – «Оқжетпес» 1:0, «Ақтөбе» – «Каспий» 0:0, «Тобыл» – «Мақтаарал» 1:0, «Шахтёр» – «Ақсу» 2:1, «Жетісу» – «Атырау» 0:3.

11-турдың ойындары 27-28 мамырда өтеді.




Р/с	Команда	Ойын	Ұтыс	Тең	Ұтылыс	Доп	Ұпай
1	«Астана»	11	8	1	2	16-11	25
2	«Ордабасы»	10	7	2	1	23-9	23
3	«Қызылжар»	10	7	1	2	13-6	22
4	«Ақтөбе»	10	5	3	2	21-11	18
5	«Қайрат»	10	5	3	2	21-16	18
6	«Атырау»	10	5	2	3	13-15	17
7	«Қайсар»	10	5	1	4	15-13	16
8	«Тобыл»	10	4	2	4	13-14	14
9	«Оқжетпес»	10	3	2	5	11-11	11
10	«Шахтёр»	10	3	2	5	13-15	11
11	«Жетісу»	10	3	1	6	7-15	10
12	«Каспий»	10	2	3	5	9-16	9
13	«Ақсу»	10	1	1	8	9-21	4
14	«Мақтаарал»	11	1	0	10	6-17	3

Дайындаған **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

## ҚАЗАҚ ӨНЕРІНЕН СЫР ШЕРТЕДІ

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Тілеуғали Қышқашбайдың «Қазақ өнер әлемі» атты кітабының таныстырылымы өтті.



**Индира  
БЕРЖАНОВА**

Жиын Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің құттықтауымен ашылды. Министрдің құттықтауында симфония жанрында қалам тартқан композитор ретінде атағы елімізге танылған Тілеуғали Қышқашбайдың елеулі еңбегі, отандық музыка өнері майталмандарын

тәрбиелеудегі орны, елордалық Мәдениет басқармасын басқарған жылдарындағы қала мәдениетінің дамуына өлшеусіз үлес қосқаны баса айтылды.

Кітап автордың ғылыми-зерттеу жұмысы ретінде жазылды. Профессор он жылдан астам уақытта қазақ өнерінің мәселелерін зерттеп, терең талдау жасаған. 6 тараудан тұратын еңбекке 276 дереккөз пайдаланылды.

Сондай-ақ іс-сараға белгілі тарихшылар, ғалымдар, суретшілер қатысып, таныстырылым барысында профессор Тілеуғали Қышқашбай еңбегінің мән-маңызы мен өскелең ұрпаққа, әсіресе мәдениеттануға қызыққан студент, магистрант, докторанттарға берер тағылымдық әсері туралы әр тараптан көсіле сөйлеп, авторға шығармашылық табыс тілеп, қазақ өнеріне бедері айшықты, берері мол сүбелі туынды қосылғанымен құттықтады. 14 баспа табаққа сыйған кітапты қатысушылар «Өнернама» деп бағалады.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №61

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – **Таңатар ТӨЛЕУҒАЛИЕВ**